

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КІІ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 250 (9827) 1955 жылғы 20 декабрь Сейсенбі

Шығуына 36 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

Әрбір колхоз бен совхоздың тұқымы жеткілікті әрі сапалы болсын

Егін шығымдылығын барлық ауылшаруашылық дақылдары бойынша арттыра беруді қамтамасыз етуде—аудандастырылған сортты тұқымдарды жеткілікті мөлшерде дайындаудың зор маңызы бар. Мұны біздің облыстың колхоздары мен совхоздары өздерінің көп жылғы тәжірибелерінен айқын көріп те келеді. Ауылшаруашылық дақылдар егуді өздері өсірген сортты тұқымдар есебінен жүргізген шаруашылықтар егіннен өнімді өдеуір артық алып жүр.

Осыған қарамастан, соңғы жылдары облыстың бірқатар партия, совет ұйымдары мен шаруашылық органдары колхоздар мен совхоздардың егіс жоспарын орындау үшін қажетті мөлшерде ауылшаруашылық дақылдарының өздері өсірген сортты тұқымдарымен қамтамасыз етілуінде ойдағыдай нәтиже болмей келді. Осының салдарынан 1955 жылдың көктемінде колхоздар мен совхоздардың көпшілігі басқа облыстардан әкелінген тұқымды пайдаланды. Ал олардың ішінде біздің облыстың ауа райы жағдайына өсім-өнгуге бейімделмеген тұқымдар болды. Мұндай тұқымдар жоғары сорттылығына қарамастан мол өнім берген жоқ.

Осы жағдайды ескере отырып, колхоз, МТС, совхоз басшылары, агрономдар, жергілікті партия, совет ұйымдары бйы алдағы жылдың егісі үшін әрбір шаруашылықтың өздері өсірген тұқыммен қамтамасыз етілуіне жеткізуге тиіс еді. Бірақ, іс жүзінде бұлай болмады. Рас, Креснов, Баян, Николаев МТС-тері қамтылған колхоздар келесі жылдың егісі үшін аудандастырылған тұқымды жеткілікті мөлшерде құйды. Алайда, бұл некенсаяқ қана мысал.

Приешім, Мамлют, Бонюхов аудандарының бірқатар колхоздары және облыстың көптеген совхоздары тұқым учасоткерінің өнімін жыйнауды, жалпы егістен алынған тұқымды құюды төзгісіз кешендегі, ал кейбір колхоздар тұқымның өдеуір бөлгіні мезгілінде жеткірмей және тазартпай, жақсы жабдықталған қоймаларға сақтамай, бүлінуге, ысырапқа ұшыратты. Сөйтіп, облыс колхоздары

ішірдің шырмауында жүр. Кейде олар «тұқым тіпті жетпеген күнде мемлекет береді» дегенді айтады. Мұның барлығы да қате және зиянды пікірлер. Аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері мұндай пікірдің теріс екендігін жете түсіндіріп, әрбір колхозда тұқымның алдағы көктемде егілетін ауылшаруашылық дақылдар егісіне толық жетерліктей мөлшерде дайындалуына жеткізулері қажет.

Дайындалған тұқымның қоймаларға сақталғанына 3—4 ай уақыт өтті. Содан бері тұқым тазарту жұмыстары көп колхоздарда нашар ұйымдастырылып отыр. Әресе, Сарғосар, Баян, Куйбышев атындағы МТС-тер қамтылған колхоздарда тұқым тазарту жұмыстары өте-мөте баяу жүргізіліп келеді. Қолда бар тұқым тазартатын қуатты және мол өнімді машиналар тиімді пайдаланылмайды. Тұқым тазартуда жүрген колхозшылардың еңбегін ұйымдастыруды колхоз председателдері тікелей өз қолдарына алмайды. Тұқым тазартушылардың жұмыс сапасына МТС-агрономдары тарапынан тыңғылықты басшылық жоқ.

Көп шаруашылықтарда тұқымды сақтау ісі бегімен жіберілген. Жақсы жабдықталған қоймада сақталмағандықтан және ұқыпты кентірілмегендіктен Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 6 мың центнердей, «Совет» колхозында 3 мың центнердей тұқым қызып, бүлінген. Мұндай мысалдары басқа аудандардың колхоздарынан да келтіруге болады.

Тұқым қорын толықтыру, қолда бар тұқымды тазарту, сақтау жұмыстарының, әресе колхоздарда төзгісіз нашар болуына ең алдымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы кінәлі. Өйткені басқарма басшылары мен мамандар колхоз, МТС басшыларынан тұқымды тазарту, сақтау жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруды қатаң талап етпейді. Олар колхоздарда жиі болып тұрмайды. Осының салдарынан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшылары мен мамандары облыстағы бірде-бір колхоздың тұқым шаруашылығын тексеріп, жеткізуге тиіс.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Афганстанда болуы

СССР Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің 16 декабрьде Кабулдағы қонақасыда сөйлеген сөзі

Жоғарғы Мәртебелі Премьер-Министр Мырзалар!

Біз Афганстанның Корольдік Үкіметіне Совет Одағымен достас Афганстанда болуға шақырғаны үшін, бізді жылы шыраймен қабылдап, меймандостық көрсеткені үшін алғыс айтамыз.

Совет Одағы мен Афганстанның көп жылдан бергі достығы совет мемлекеті мен тәуелсіз Афганстан орнаған кезден бергі бүкіл уақыттың ішіндегі сындарға төтеп берді. Бұл достық өзінің дамуының барлық кезеңдерінде ұдайы нығайып келді, мұның өзі Афганстанның да, сондай-ақ Совет Одағының да мүдделеріне сай келді. Сондықтан да біз кәзір өз елдеріміздің арасында тату көршілік және достық қатынастар орнап отырғанын терең қанағаттанған сезіммен атап айта аламыз.

Біздің елдеріміз арасында достық қатынастарды нығайту ісінде 1921 жылғы 2 февральдағы Совет-Афган Договорының және бейтараптылық пен өзара тиіспеу туралы 1931 жылғы 24 июньдегі Договордың зор маңызы бар.

Біздің қатынастарымыз сонымен бірге өзара тиімді экономикалық ынтымаққа да негізделіп отыр, мұның өзі Совет Одағы мен Афганстан арасында сауда байланыстарын дамытудан айқын көріңді. Бүгін 1950 жылы жасалған товар айналымы мен төлемдер туралы совет-афган келісімі көмектесуде.

Үстіміздегі жылы транзит мәселелері жөніндегі Совет-Афган келісіміне қол қойлады, Афганстанның сыртқы сауда байланыстарын дамыту және оның экономикалық дербестілігін нығайту үшін мұның

СССР Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің 16 декабрьде Кабулдағы қонақасыда сөйлеген сөзі. Афганстанның Премьер-Министрі Мұхаммед Даудтың 16 декабрьде Кабулдағы қонақасыда сөйлеген сөзі (1-бет).

Финляндия Республикасының Президенті Ю. К. Пааскивидің СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловқа хаты (1-бет).

Индияның Премьер - Министрі Джавахарлал Неру мырзаның Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевке арнаулы хаты (1-бет).

С. Уақбаев. — Партиялық насихаттың өмірмен байланысты болуы үшін (2-бет).

КПСС XX съезі ҚҰРМЕТІНЕ: М. Стадник. — Құрылысшылар серттеріне берік. Н. Миненкова. — Жарыс озаттары (2-бет).

МАЛ КҮТІМІ ЖАҚСАРТЫЛА

БЕРСІН: Т. Кәдіров. — Нақтылы басшылық керек. Б. Жақыпов. — Малшаруашылық өнімінің молшылығы үшін (3-бет).

ТЕХНИКАНЫ КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕЙІК: А. Логвин. — Тораттық әдісті қалай игердік (3-бет).

Е. Брусловский. — Қазақстанның музыка мәдениетін дамытуда жаңа табыстарға жетейік (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Бірінші орыс революциясының 50 жылдығына

1905 жылғы оқыйғаларды еске түсіру

ОРЕХОВО-ЗУЕВО, (ТАСС). Қаладағы ең үлкен жұмысшы жатақханаларының бірі—30-шы казарма Орехово-Зуевоның тоқымашыларына 1905 жылғы оқыйғаларды еске түсірді. Осыдан жарты ғасыр бұрын осы казармада революциялық штаб орналасқан болатын. Мұнда партия комитеті мен жұмысшы депутаттар советі мәжіліс өткізгел, жыйналыстар өткен, прокламациялар мен листовкалар басылған. Үйдің қабырғасына қойылған мемориалдық тақта осыны дәлелдейді. Кәзір мұнда көптеген адамдар экскурсияға келеді, бұл жерде партияның қарт мүшелері мен жастардың кездесулері өткізіледі.

Жұмысшылардың бұрынғы казармасында қала еңбекшілерінің және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің көп адам қатысқан жыйналысы болды. Ол бірінші орыс революциясының 50 жылдығына арнады. Орехово-Зуево тоқымашыларының 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысуы туралы қалалық партия комитетінің секретары В. Алексеев баяндама жасады.

Революция туралы еңбектер

КЛИШИНЕВ, (ТАСС). Республиканың мемлекеттік баспасы СССР ғылым академиясы Молдаван филиалының ғылыми қызметкері А. С. Есауленконың «И. Г. Котовскийдің 1905—1906 жылдардағы Молдавиядағы революциялық қызметі» деген еңбегін басып шығарды. Онда Котовский басқарған революциялық отрядтің 1905 жылғы декабрьден 1906 жылғы февральға дейінгі кездегі қыймылдары туралы баяндалады.

Быйылғы жылы Молдавияда бірінші орыс революциясының оқыйғаларына арналған көптеген ғылыми еңбектер жарияланды, тарих ғылымының кандидаты И. Г. Будақтың «Молдавиядағы 1905—1907 жылдардағы революция» деген кітабы басылып шықты.

Мұнымен қатар «СССР Ғылым академиясы Молдаван филиалы хабарларының» соңғы жыйнағы да 1905—1907 жылдар

зор маңызы бар. Бұл келісім афган сау-дасының сыртқы рыноктерге шығуына кең көлемді мүмкіндіктер береді.

Совет Одағы өзінің Афганстанмен қатынастарында территорияның тұтастығы мен суверенитетті құрметтеу, тиіспеу, ішкі істерге араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру және экономикалық ынтымақ принциптерін бұлжытпай ұстап келді және ұстай береді.

Біз өзіміздің және Афганстан басшы қайраткерлерінің арасында орнатылған тікелей қарым-қатынас Совет-Афган қатынастарын онан әрі дамытып, баянды етуге көмектеседі деп үміттенеміз. Өзара мүдделі болып табылатын мәселелер жөнінде пікірлер алысу біздің елдеріміз арасында жан-жақты байланыстарды кеңінен дамытуға екі жақтың әзір екенін анықтады.

Соңғы жылдардың ішінде Азия мен Африка елдерінің халықтары, отарлық тәртіптерге қарсы көтеріліп, өздерінің ұлттық тәуелсіздігін жеңіп алуда және нығайтуда өдеуір табыстарға жеткенін атап өтудің өзді қуанышты. Бірақ отаршылар жаңа жағдайда да өздеріне ұнамды тәртіптерді азат етілген халықтарға күшпен қабылдату үшін барлық амалдарды істен бағуда.

Кәзіргі уақытта олар, Азия мен Африканың кейбір елдерін, договорлармен және шарттармен шырмауға тырысып, оларды халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне қарсы бағытталған әртүрлі агрессияның соғыс блокттеріне қатыстырып, өздерінің отарлық саясатын барынша бүркелеуде.

Совет Одағы отаршылдыққа, ол қандай түрде жасалса да, ерқашан да қарсы шы-

ғып келді. Біз Азия мен Африка халықтарының ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресіне тілектестікпен қарап отырмыз. Біз мұны ешуақытта жасырған емеспіз және жасырмаймыз да.

Совет Одағы Афганстанның тәуелсіз, бейбітшіл сыртқы саясатын, блокттер топтастыру саясатына оның теріс қарап отырғанын, оның көршілермен және барлық мемлекеттермен достық қатынастарда болуға ұмтылған талабын жоғары бағалауда.

Біз Пуштунистан туралы мәселені шешуде де Афганстанның саясатына тілектестікпен қараймыз. Совет Одағы Пуштунистан проблемасын әділеттікпен реттеуді жақтап отыр. Бұл проблеманы Пуштунистанда мекендейтін халықтардың өмірлік мүдделерін есепке алмайынша дұрыс шешу мүмкін емес.

Барлық елдердің халықтары бейбітшілікті сақтауға ұмтылуда. Біз былай деп санаймыз: бейтараптылық және блокттерге қатыспау саясаты халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне, олардың ұлттық тәуелсіздігін сақтауға мейлінше сай келеді және бейбітшілікті нығайту ісіне қызмет етеді.

Біз Афганстанның үкіметі бейбітшілікті сақтау және баянды ету үшін күресу ісінде өзінің күш-жігерін онан әрі жұмсайды деп үміттенетінімізді білдіреміз.

Біз Афганстанның Ұлы Мәртебелі Королінің сау-сәлемат болуына тілектеспіз. Совет Одағы мен Афганстан арасындағы достық нығайып, дамып берсін.

Бүкіл дүние жүзінде халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі жасасын!

Афганстанның Премьер-Министрі Мұхаммед

бойынша желен жылдың егесі үшін жеткі тұқымның 77 проценті ғана құйылды.

Бейбір қолхоз басшыларының тұқым әзірлеу ісіне жауапсыз қарайтындығы сонша, тіпті қолда бар тұқымды талан-таражға салуға дейін барған. Осындай өрескел және қылмысты жағдайдың орын алуы себепті құйылған тұқым соңғы екі ай ішінде Мамлют ауданы қолхоздарында 4136 центнер, Ленин ауданы қолхоздарында 3577 центнер, Приешім ауданы қолхоздарында 3973 центнер, Совет ауданы қолхоздарында 2350 центнер жеміп жеткен. Қонохов ауданындағы Чистян МТС-і қамтытын қолхоздар желесі жылдың егесі үшін қажетті тұқымның 59,9 процентін ғана құйған болатын. Оларда 1 декабрьге дейін құйылған тұқым 6984 центнер жеміген. Осы МТС қамтытын «Жаңа тұрмыс» қолхозында 2420 центнер тұқымның 1120 центнері жоқ болды. Бұл тұқым қайда деген сұраққа қолхоз председатели Сергеев жолдас шіміржікестен: «қолхозшылардың еңбекжүнеге алаңауына тараттық» деп жауап береді. Дәл осындай жағдай станция қамтытын «Путь Ильича», «Красная крепость», «Большевик», «Пролетарское знамя» қолхоздарында да орын талқан. Қолхоздарда құйылған тұқымның талан-таражға түсіп отырғанын Чистян МТС-нің директоры Галай, бас агроном Воздвиженский жолдастар білді. Бірақ, белгісіз себептермен олар тұқымдық дөңді таратушыларға жезінде тойтарыс бермеді.

Айта кету керек, кейбір қолхоз, МТС басшылары «қолда бар тұқым жоғалған егес көлеміне жетпесе, егес көлемін азайтамыз және әрбір гектар жерге себілетін тұқым нормасын кемітеміз» деген

Сапалы тұқым — мол өнімнің негізі. Олай болса тұқым дайындаудағы өрескел кемшіліктер мен жіберіліп отырған қателіктерге төзуге болмайды. Сондықтан аудан, МТС, қолхоз, совхоз басшылары желесі жылдың егесі үшін жеткілікті мөлшерде тұқым дайындаудың шараларын қарастырулары керек. Әрбір шаруашылықта қанша тұқым бар, оның қаншасы себуге жарамды, қаншасы жарамсыз екенін анықтау қажет. Қолхоз, совхоз басшылары осы уақытқа дейін тазартылмай жатқан тұқымды дереу тазартып, олардың шығымдылық сапасын анықтауды тікелей өз қолдарына алуға міндетті.

МТС директорлары мен бас агрономдар қолда бар тұқым тазартатын машиналарды толық іске қосуды және олардың қуатын өнімді пайдалануды ұйымдастырулары керек. Әрбір қолхоз бен совхоздағы тұқым тазартатын машиналардың қуаттылығына қарай күндіз тапсырмалар тағайындап, ол тапсырмалардың қалтқысыз жүзеге асырылуына жетісу қажет. Тұқым тазартуды екі сменада жүргізу практикасын кеңінен қолданған жөн.

Көзірден бастап шығымдық сапасы төмен тұқымдық дөңді сортты тұқымға айырбастау керек. Бұл жұмысты кейінге қалдыруға болмайды. Сапасы нашар тұқымды астық пункттеріне жеткізуге қолхоздағы күш-жөлік барыпша толық пайдаланылсын.

Әрбір қолхоз бен совхозда желесі жылдың барлық егесі үшін жеткілікті мөлшерде жоғары сортты тұқым болсын. 1956 жылы егілетін ауылшаруашылық дақылдарының бүкіл көлемінен мол өнім алу, міне, осыны талап етеді.

Финляндия Республикасының Президенті Ю. К. Пааскивидің СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловқа Х А Т Ы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Ұлы Мәртебелі К. Е. ВОРОШИЛОВ мырзаға
МОСКВА

Менің 85 жылдығым күні Сіздің шын жүректен құттықтап, тілектестік білдіргеніңізге қатты сүйсініп, Председатель Мырза, Сізден және Сіз арқылы СССР Жоғарғы Советінің Президиумынан маған зор көңіл бөлендеріңіз үшін менің шын ниетпен айтқан алғысымды қабыл алуыңызды сұраймын.

Сонымен бірге, Председатель мырза, Сіз арқылы СССР-Үкіметінің рәзім қарсы жүресу үшін менің атымдағы қорға берген бағалы сыйы үшін оған менің терең сүйсінген қадірлеуімді тапсыруыма рұқсат етіңіз. Сіздің еліңіз өзін осы сыйының біздің халқымыздың денсаулығын сақтау ісіне ірі үлес қосқанына мен жұмадан-баймын.

Біздің елдеріміз арасындағы достық біздің халқымыздың бақытты болашағының сенімді кепілі болып табылады деп кәміл сене отырып, Финляндия мен Совет Одағы арасындағы достық қатынастардың үздіксіз нығайып, дамып беретініне, Председатель мырза, Сіздің кәміл сеніп отырғаныңызға мен де қосыламын.

Председатель мырза, Сізден менің Сізді өте жоғары құрметтейтінімді сендірген сөзімді қабыл алуыңызды сұраймын.

ХЕЛЪСИНКИ, 2 декабрь 1955 жыл.

Ю. К. ПААСКИВИ.

Афганестанның премьер-министрі Даудтың 16 декабрьде Кабулдағы қонақасыда сөйлеген сөзі

Ұлы Мәртебелі Маршал Булганин, Ұлы Мәртебелі Хрущев мырза! Мырзалар!

Афганстанның халқы мен Үкіметі атынан мен ұлы мәртебелі Сіздің, Хрущев мырзаның және Сіздердің қадірлі әріптестеріңіздің келуін шын ниетпен құттықтаймын және осы бақытты кезеңде Афганстанда болуға шақыруды қабыл алғандарыңыз үшін Афганстан халқы мен оның үкіметінің сүйсінген разылығы мен шын пейілді алғысын білдіруге бақыттымын.

Бұл күн Афганстан мен ұлы елдің— Совет Одағының достық қатынастарының аса көрнекті күндерінің бірі болып табылады, бұл күн екі елдің арасындағы достық қатынастардың тарихында есте сақталады.

Афганстанның бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алғанын құттықтаған бірінші ел Советтік Социалистік Республикалар Одағы болғанын, ал Октябрь революциясынан кейін Совет Одағымен дипломатиялық қатынастар орнатқан және халықаралық достық үшін негіздер қалаған бірінші ел— Афганстан болғанын Афганстан ұмытқан емес және ешуақытта да ұмытпайды.

Еркін екі елдің арасындағы қатынастар сол кезден бері және бүгінгі күнге дейін өзара сенімге, тату көршілікке, шын пейілді достыққа, адал ниетті тілектестікке және бейбітшілікке негізделіп келеді. Уақыт та, әртүрлі халықаралық оқиғалар да бұл қатынастарды ешқандай дәрежеде әлсірете алған жоқ.

Өздерінің қоғамдық өмірінің негізі түрліше құрылып отырған бұл екі елдің арасындағы достық, басқару системалары әртүрлі елдердің арасында достық қатынастар болған күнде, олардың қатар өмір сүретіндігін айқын өнегесі болып табылады. Олардың арасындағы ынтымақ екі елдің прогресі мен тыныштығына көмектеседі.

Бостандық сүйгіш Афганстан халқының Советтік Социалистік Республикалар Одағының осы 38 жылдық ішінде жеткен табыстарына әрқашан да шаттанып келді. Кәзіргі уақытта мұнымен қатар бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің салтанатын

қамтамасыз ету ісінде сіздердің еліңіз жауап отырған барлық әрекеттерді, Булганин мырза, Сіздің және өзіңіздің қадірлі әріптестеріңіздің, әсіресе Хрущев мырзаның, өз сапарларыңыз кезінде халықтар арасында өзара түсінісуді қамтамасыз ету үшін жұмсап отырған күш-жігерлеріңізді атап өтуге әбден болады.

Біздің қадірлі қонақтарымыз, кең байтақ Индияны ұзақ уақыт аралаған сапардан кейін, біздің ежелден бергі таулы астанамызға келіп отыр. Амал қанша, кәзір қыстың ызғырық желі соғып, бұл кезе еліміз өзінің тамаша табиғат көркіне көресе те алмай отыр. Бірақ Афганстан халқының жылы шырайлы сүйсіненшілігі мен кең пейілді қошеметі кейбір дәрежеде қысқы аяз бен ызғарлы табиғатты ұмыттыратын болады. Біздің достарымыз Азияның орталығында орналасқан осы елдегі өздерінің шын пейілді достарының үйлерінде өздері еркін сезінетін болады, бұл елдің бостандық сүйгіш халқы өзінің бостандығын ең ардақты асыл қазына және байлық деп санайды.

Өз бостандығы мен әл-ауқатының басқа мақсатты көздемейтін және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке зор талаппен ұмтылып отырған Афганстанның халқы дүние жүзінің тыныштығын өз отанының бостандығы мен көркей беруінің ең зор кепілдігі деп санайды. Осыған сүйене отырып, Афганстан ұзақ жылдар бойы бейтараптылық саясатын жүргізіп келді, барлық достас және көршілес елдерге достық қолын созуға, өз елінің әл-ауқаты мен көркей беруінің мүдделері үшін олармен ынтымақтасуға әрқашан да әзір тұрды.

Афганстан өзінің саясаты тек өз мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мүдделеріне де және өзінің көршілері мен достарының бақытты болуына да қызмет етеді деп сеніп отыр. Осыған байланысты оның саясатын әрбір бейбітшіл ел мақұлдайды деп үміттенуге мүмкіндік бар.

Афганстан барлық жағдайда және барлық халықаралық конференцияларда бүкіл дүние жүзі халықтарының туысқандығы

мен бостандығы идеясын және қандай-ұлттың болса да өзін-өзі билеу правосын өз тарапынан қорғап келді. Ол елдердің теңдігі мен тәуелсіздігін құрметтеуді бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы деп сөз жүзінде ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде де санап келді.

Ұлы мәртебелі Булганин мырза, Хрущев мырза, қадірлі мырзалар!

Соңғы жылдардың ішінде Афганстан мен Совет Одағы арасында экономикалық және сауда байланыстарын ұлғайту мақсаттары үшін қолданылған шараларға Афганстан үкіметі мен халқының қуанып, қанағаттанып отырғанын білдіру үшін мен осы жағдайды пайдаланып қаламын.

Мен осы экономикалық ынтымақтың нәтижесінде оны одан әрі дамыту үшін негіздер қаланатын болады, мұның өзі екі елдің арасында достық және шын пейілді қатынастарды нығайтуға қызмет етеді деп үміттенемін.

Афганстан үкіметінің материалдық және мәдени жағынан дамудан, сондай-ақ елдің табиғат байлықтарын пайдаланудан өз халқының әл-ауқатын көтеруден басқа мақсаты жоқ. Осы жолда Афганстан достас және өркендеген елдердің көмегін, егер бұл көмек саяси міндеттемелермен байланысты болмаса, зор қадірлеушілікпен қабылдап келді және қабылдай береді.

Ұлы Мәртебелі Булганин мырза, Хрущев мырза, қадірлі достар!

Сөзімнің қорытындысында бүкіл қадірлі қонақтарымызға және Советтік Социалистік Республикалар Одағының ұлы халқына, сондай-ақ, Совет Үкіметіне Афганстан үкіметі мен халқының ең ізгі, шын пейілді тілектестігін білдіруге Совет Одағының ұлы Председателі мен белгілі жүрескері Маршал Ворошиловтың және қадірлі қонақтарымыздың сау-саламат және бақытты болуына тілектестік білдіруге, Афганстан мен Совет Одағы арасындағы достық қатынастардың нығая беруіне және бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің нығая беруіне тілектестік білдіруге рұқсат етіңіздер, мұның өзі біздің ортақ, зор түпкі мақсатымыз болып табылады.

ИНДИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ДЖАВАХАРЛАЛ НЕРУ МЫРЗАНЫҢ Н. А. БУЛГАНИН МЕН Н. С. ХРУЩЕВКЕ АРНАУЛЫ ХАТЫ

Біздің елдің шекарасынан өтіп бара жатқан кезде Сіздердің маған жолдаған арнаулы хатыңыз үшін Сіздерге өзімнің терең алғысымды айтамын. Сіздердің Индияда болған сапарыңыз тарихи оқиға болды, ол біздің халқымыздың ақылды естен кетпес әсерлер қалдырды. Сіздердің осында аз уақыт болған кезеңізде Сіздермен жақын қарым-қатынаста болған біздерді Сіздердің жүріп жетуіңіз қайғыландырды. Бірақ біз-

дің тікелей достығымыз да және өз мемлекеттеріміз арасындағы достық та еселеп арта береді, сөйтіп бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен ынтымақтың ұлы ісі үшін бай жемістерін береді деп үміттенеміз.

Өз халқымыздың атынан және өз атымынан Сіздерге ең ізгі тілектестігімізді жолдаймын.

Джавахарлал НЕРУ.

дағы революцияға арнады.

Революция туралы кітаптар

ПРЕУТСК, (ТАСС). Иркутсктің облыстық кітап баспасы жас тарихшы Г. А. Вендрихтың «1905 жылы Иркутскте» деген кітапшасын басып шығарды. Автор Иркутск жұмысшыларының патша самодержавиясына қарсы қанармандық күресін баяндайды, Сибирьдегі революциялық қозғалыстың дамуында саяси жер аударылған большевиктердің атқарған ролін атап көрсетті.

Тарих ғылымының докторы В. И. Дулов пен тарих ғылымының кандидаты Ф. А. Кудрявцевтің «Шығыс Сибирьдегі 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалыс» деген кітабы Иркутскте екінші рет басылып шықты.

Бір гектар жерден 62.500 сом пайда

БРАСПОДАР, (ТАСС). Краснодардан, Адлерден, Нальчиктен күн сайын дерлік өмеш және бақша дақылдарының тұқымдары салынған посылжалар әртүрлі адрес-терге: Воркутаға, Сахалинге, Свердловскіге, Москваға, Ленинградқа, Мурманскіге жіберіліп жатады.

Кубаның ауылшаруашылық артельдері Совет Одағының мыңдаған қолхоздары мен совхоздарын 32 түрлі өмеш және бақша дақылдарының тұқымдарымен жабдықтайды.

Тұқым өсіру кейбір аудандарда шаруашылықтың негізгі салаларының біріне айналған. Быйыл ауылшаруашылық артельдері мол өнім жыйнап, өткен жылға қарағанда тұқымды екі есеге жуық артық алды.

Тұқым өсіру мол табысқа жеткізуде. Адлердің Фрунзе атындағы, Калинин атындағы қолхоздары тапсырылған тұқымдары үшін мемлекеттен, памамен, 2,5 миллион сом алды. Олар әрбір гектар жерден 62500 сом пайда тапты.

Кубаның тұқым өсіруші қолхоздары тапсырған өнімдері үшін мемлекеттен 40 миллион сом алады, бұл өткен жылдағыдан 14 миллион сом артық.

Зырян кеншілерінің табысы

ЗЫРЯН, (ҚАЗТАГ), БПС ХХ съезі құрметіндегі жарыста Зырян қорғасын комбинатының коллективі зор табысқа жетті. Кеше ол жылдық өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындады. 1956 жылдың тапсырмасы есебіне алғашқы жүздеген тонна полиметалл рудасы шығарылды.

Зырянның кеншілері быйыл түсті металдар өндірісіне арналған шикізатты өткен жылғыдан 43 процент артық шығарды.

ПАРТИЯЛЫҚ НАСИХАТТЫҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛУЫ ҮШІН

Облысымызда партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы басталғалы екі айдан да астам уақыт өтті. Өткен оқу жылына қарағанда быйғы көптеген партия ұйымдары ең алдымен саяси оқудың түрліше салаларындағы сабақтардың идеялық мазмұнын жақсартуды, партиялық насихатты өмірмен, партия ұйымдарының практикалық міндеттерімен байланыстыра жүргізуді еске ала отырып, коммунистердің саяси оқуын әлдеқайда жақсы ұйымдастырды.

Партиялық насихатты коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен ұштастырудың аса маңызды формаларының бірі кадрларымызға экономикалық білім беру болып табылады.

Быйғы оқу жылында облысымызда партия-совет және шаруашылық активінің 26 экономикалық семинары жұмыс істейді. Бұларға 1100-дей коммунист қамтылып отыр. 208 коммунист 11 үйірмеде саяси экономияны оқып үйренуде. Бұдан басқа саяси экономия мен нақтылы экономиканы үйрену жөнінде 1900-ге жуық коммунист өздігінен жұмыс істеп жүр.

Булаев ауданында аудандық партия комитетінің кітапханасы мен МТС-тер жанында 5 экономикалық семинар бар. Бұлардың жұмысындағы ұнамды бір жеріне сол, саяси сабақтарда ауданның, МТС-тің, колхоз бен совхоздың шаруашылық өмірінің практикалық мәселелері кеңінен талқыланады. Мәселен, партия кітапханасы жанындағы семинардың бір сабағында аудандық жоспарлау бөлімінің председателі Русин жолдас «Ауылшаруашылық өндірісін жоспарлау» деген тақырыпта лекция оқыды. Оның лекциясы аудан өмірінен алынған нақтылы фактілер мен мысалдарға құрылды, лекцияда аудан ішінде ауылшаруашылық өндірісін жоспарлау ісіндегі кемшіліктерді жою жөнінде бірқатар практикалық мәселелер қозғалды. Мұның өзі тыңдаушылардың ынталылығын арттыруға көп себепкер болды: осы тақырып бойынша болған семинар сабағында 15 адам сөз сөйледі. Бұмен жок, бұл лекция және тыңдаушылардың семинарда айтылған пікірлері аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетіне, колхоз басқармаларына ауылшаруашылық өндірісін жоспарлау практикасында болашақта қателіктерге ұрынбауға көмектесетін болады.

Алайда кейбір экономикалық семинарлардың жұмысы бұлай болмай отыр. Бірқатар экономикалық семинарлардың әдеттегі лекторийлерден еш айырмасы жоқ, өйткені бұларда семинар сабақтары өткізілмейді, олардың жұмысы практикалық міндеттермен байланыстырылмай, тек ағартушылық сыйымды ғана болады. Бұл

ұйымдастырудың мұндай әдісін басқа аудандарға да тарату дұрыс болар еді.

Экономикалық семинарлардың жұмысындағы елеулі бір кемшілік, облыстың, аудандардың, колхоздар мен совхоздардың және МТС-тердің өмірінде күн сайын, ай сайын болып жататын жаңалықты, өзат нәрсені үйренуге жеткілікті дәрежеде назар аударылмайты.

Мысалға сол Преснов ауданының өзін алайық. Ауданда отызмыншы-қолхоз председателдерінің жұмысында кезіргі өзінде едәуір елеулі тәжірибе жыйнақталды. Мәселен, қысқа мерзімнің ішінде «Красный партизан» (председателі Шмурыгин жолдас) және «Оталын жолы» (председателі Байбатыров жолдас) колхоздарының экономикасы елеулі түрде өрсе басты. Шмурыгин, Байбатыров жолдасардың еңбек ұйымдастыру, кадрларды іріктеп алу және орналастыру, колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру жөнінде көптеген бағалы, өнеге аларлық жұмыстары бар. Алайда аудандық партия комитеті осындай өмірлік құбылыстардың экономикалық семинарларда кеңінен талқылануын ұйымдастыра алмады.

Алайда партия оқуын өмірмен, практикамен байланыстыру тек экономикалық білім беруден ғана шектелмейді. Партия оқуы жүйесіндегі сабақтардың қайсысы болса да практикалық міндеттерді ойдағыдай орындауға атсалысатындығын, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін арттыруға себепші болатындығын көрсететін көптеген мысалдар бар. Бұл жөнінен Көнжухов ауданындағы «Пролетарское знамя» колхозының партия ұйымы жанындағы КПСС тарихын үйрену жөніндегі үйірменің жұмысын атап көрсетуге болады. Бұл үйірменің насихатшысы жергілікті мектептің мұғалімі Григорьевский жолдас колхоз өміріне ісерлікпен араласып, колхозшылармен үнемі әңгімелесіп отырады, сондықтан да ол колхоз экономикасын жақсы біледі. Ал мұның өзі оның өз сабақтарын қызылықты етіп өткізуіне, өткізетін материалдарды колхоз өмірімен, өз тыңдаушыларының практикалық жұмыстарымен тығыз байланыстыра жүргізуіне мүмкіндік беруде. Насихатшы цифрлар мен фактілерді, колхоз экономикасы жөніндегі өзі дайындаған диаграммалар мен таблицаларды шебер пайдалана біледі, сондай-ақ ол тыңдаушыларды үйірмеде алған білімдерін өздерінің практикалық жұмыстарына пайдалана білуге үйретеді, тыңдаушылармен бірлесіп отырып, колхоз басқармасына бағалы ұсыныстар өткізіп отыраты.

Үйірмеде КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының материалдарын оқып үйрену аяқталғаннан кейін Григорьевский жолдасының ұсынысы бойынша үйірме

насихат жұмысын өмірмен байланыстыру жолында шын мәніндегі күрес жүргізілмейді. Преснов ауданының «Победа» колхозындағы партия ұйымы жанында жұмыс істейтін саяси мектептің сабақтары тек тарихи шолу сыяқты ғана өткізіледі. Алғашқы сабақтарда мектеп тыңдаушылары КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының материалдарын оқып үйренуге тиіс еді. Насихатшы Гусева жолдас ешбір факті келтірместен Н. А. Булганин жолдасының баяндамасын формальды түрде оқып шыққан. Насихатшының әңгімесі немесе пікір алысу болмағаннан кейін бұл сабақта тыңдаушылардың өздері білгеннен басқа ешбір жаңалық айтылмады. Сондықтан да тыңдаушылар Гусева жолдасының сабағына риза болған жоқ.

Мұндай кемшіліктердің болу себебі неде?

Біріншіден, көптеген партия ұйымдарында коммунистердің оқуы бетімен жіберіліп отыр, партия оқуына жүйелі бақылау жасалмайды. Мәселен, Преснов ауданында октябрь, ноябрь айларында партия ұйымдарының бәрі де дерлік партия оқуының барысын талқыламаған. Ал бұл кезде іс жүзінде аудандағы үйірмелер мен саяси мектептердің басым көпшілігі жұмыс істемеді.

Екіншіден, насихатшылар кадрлармен әлі де болса тыңғылықты жұмыс жүргізмейді, олардың теориялық, әсіресе методикалық оқуы үнемі ұйымдастырылмайды, таңдаулы насихатшылардың тәжірибесі кеңінен таратылмайды.

Турасын айту керек, күні осы уақытқа дейін теорияны практикамен, насихат жұмысын өмірмен байланыстыру сыяқты аса маңызды мәселе насихатшылардың аудандық семинарларында да, сондай-ақ олардың облыстық курстарында да талқыланатын көрне емес.

Күні осы уақытқа дейін коммунистердің өздігінен оқуын ұйымдастыру ісіндегі формализм жойылып болған жоқ. Күні осы уақытқа дейін бірде-бір аудандық партия комитеті өздігінен үйренуші коммунистермен теориялық пікір алысулар, теориялық конференциялар өткізбеді.

Облыстың партия ұйымдарында партия оқуындағы кемшіліктерді жоюдың барлық мүмкіншіліктері де бар. Жоғарыда көрсетілген бірқатар жақсы мысалдар партиялық насихаттың идеялық мазмұнына әрдайым көңіл бөліп отырған жағдайда теорияны практикамен тығыз байланыстыруға, коммунистер мен барлық кадрларымыздың теорияны үйренуге ынталылығын арттыруға, ал саяси оқуды шаруашылық және мәдени құрылыстың бүкіл



Москваның әртүрлі жүйедегі телевизорлар үшін электрон сәулелі түтіктер шығаратын электр лампалары заводы тік бұрышты экранды электрон сәулелі жаңа түтіктерді сериялап шығаруға әзірленуде.

СУРЕТТЕ: бақылаушы Е. Захарова (сол жақта) және З. Вакуленко дайын электрон сәулелі түтіктерді байқаудан өткізіп тұр.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Халыққа арналған товарлар шығару артты

Қазақстан кәсіпшілік кооперациясы жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Республиканың халқы быйғы 1.203 миллион сомның әртүрлі товарларын алды. Бұл — өткен жылғыдан едәуір көп. Жергілікті құрылыс материалдарын — шпак, цемент блоктарын, кірпіш, алебастр, әк, қамыс бұйымдар шығару бір жарым есе артты. Жолға төсейтін кілемшелер, балалардың жаңа ойыншықтарын, тігін және трикотаж бұйымдардың, аяқ киімнің жаңа модельдерін, шаруашылық ыдыстар шығару менгерілді.

Кәсіпшілік артельдері ауыл шаруашылығына көмек көрсетуді күшейтті. Колхоздарға арнап көптеген қайыс өзбел бұйымдар, цистерналар және жанармай мен жағармай сақтауға арналған кеспектер жасалды. Жаңа техниканы енгізіп, технологияны жетілдірудің нәтижесінде кәсіпшілік артельдеріндегі еңбек өнімділігі өткен жылғымен салыстырғанда 10 процент артты. Өнімнің өзіндік құнын кемітуден 21 миллион сом үнем жасалды. Партияның XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысып, Қазақстан кәсіпшілік кооперациясы артельдерінің коллективтері жыл аяғына дейін тағы да жаңа

КПСС XX съезі құрметіне

Құрылысшылар серттеріне берік

Ленин ауданының еңбекшілері партиямыз бен үкіметіміздің астық өндірісін шұғыл өркендету жөнінде алға қойған міндетін аброймен орындай отырып тың және тыңайған жерлерді игерудің мемлекеттік тапсырмасын мерзімінде асыра орындап шықты. Мұның өзі алдағы жылы ауданда астық өндірісін 1953 жылғыдан екі-үш еседей арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты аудандағы «Заготзерно» мен астық пункттерінің коллективтеріне орасан зор міндеттер жүктеледі. Олар колхоз, совхоздардың желген астықты күн-түні бірдей қабылдауға, қабылданған астықтың шіріп-бұлинуіне жол бермеуге, астық сақтайтын қоймалардың құрылыс жұмыстарын кеңінен өрістетуге, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландыруға тиіс.

Явленка астық пункті коллективі құрылысшылардың республикалық мәслихатына қатысушылардың үндеуін өздерінің өндірістік жыйналысында талқылай отырып, үстіміздегі жылы егін жыйнау маусымы басталғанға дейін әрқайсысының сыйымдылығы 32 мың центнерлік төрт астық қоймасын пайдалануға беруге міндеттенген болатын. Бұл міндетті орындау үшін және құрылыс жұмыстарын одан әрі жүргізе беру үшін мемлекет тарапынан 1 миллион 652 мың сом қаржы босатты. Оның үстіне еліміздің басқа облыстарынан 84 құрылысшы көмекке келді. Олар құрылыс жұмыстарына белсені қатысып, еңбекте үлгі көрсете білді.

Қас, құрылыс жұмыстарын жүргізудің қиыншылықтар көптеп кездесті. Өйткені, пункт коллективі астық қоймаларын жергілікті құрылыс материалынан — тас-тан қалап салуды жоспарлады. Ал құрылыстық тас қарьері пункттен 85 километр қашықтықта болды. Сондықтан тас данындайтын арнаулы бригада құрылды. Бригадаға тас қопаруда тәжірибесі бар адамдар бөлінді. Бригада мүшелері күн-түні кезекпен жұмыс істеп, мыңдаған текшеметр тас әзірледі. Мұның өзі құрылыс жұмысын қарқынды жүргізуге бірден-бір қолайлы жағдай жасады.

Біз құрылыс жұмыстарын жүргізгенде бөлінген қаржының неғұрлым тиімді жұмсалыуына зер салдық. Құрылысшылар өндірілген және сатып алынған материалдарды сақтауда өрі ны пайдалануда асқан шеберлік көрсетті. Осының нәтижесінде бізде 71400 сом қаржы үнемделді.

Құрылыс материалдарын тасуда Явленка авторотасының көп көмек көрсеткенін айта кету керек. Құрылыс материалдарын тасуға бөлінген шоферлар күні-түні қажымай, қалмай отыр. Олар табысты

Біз құрылыс жұмыстарын мұнымен тоқтатып қойғанымыз жоқ. Қол жеткен жағдайды баянды ете отырып, астық қоймаларын жаңадан салуды одан әрі жүргізудеміз. Жақында сыйымдылығы 32 мың центнерлік тағы бір астық қоймасын пайдалануға бердік. Үстіміздегі айда осы көлемді тағы да бір қойманың құрылыс жұмысы аяқталады. Оның қабырғасы қақанып болып, төбесін жабуға және есік-терезелерін орнатуға кірістік.

Астық қоймаларын салумен бірге пункттегі қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда да бірқатар жұмыстар істегелі отырмыз. Жаңадан екі автомобиль таразысы орнатылды. Ұзындығы 50 метрлік транспортер жасалды. Пунктте электр қуатының молаюының нәтижесінде автомобильдерден астық қотару, автомобильдерге астық тиеу, астық тазарту механика күшімен атқарылатын болады. Оның үстіне пункт мемлекеттен 11 жылжымалы транспортер, 5 астық тиегіш, 2 автомобиль көтергіш және басқа да техникалар алды.

Быйғы жылы құрылыс жұмыстарында пункт коллективі үшін табыс жылы болып саналады. Олай дейтіміз быйғы пункттің астық қабылдау базасы 2,7 есе ұлғайып, шаруашылық қуаты 6 есе өсті. Міне, сондықтан да біздің коллектив облыстық «Заготзерноның» ауыспалы Қызыл Туына ие болып отыр. Сонымен бірге пункттің таңдаулы 5 жұмысшысы құрмет грамотасымен наградалды.

Бұл айтылғандардан пункттің жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Бізде тезінен жаятын кемшіліктер де бар. Оның ең негізгісі — пунктте астық кептіргіштердің аздығы болып саналады. Келесі жылы пункттің күн сайын 18—20 мың центнер астық қабылдауына мүмкіншілігі бар. Ал, пунктте мұнша көлемді астықты іле-шала кептірерліктей мүмкіншілік бізде жоқ. Сондықтан жаңадан тұрақты астықкепіргіш салу керек. Бұл жөнінде «Заготзерноның» облыстық мекемесі бізге нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Бірақ мекеме басшылары бұл жөнінде әзірге ойланар да емес. Олар күзгі уақытта пунктке дымқыл астықтың келетінін жақсы біледі. Солай бола тұрса да ондағылар пунктте астықкепіргіш салуды жобаламай келеді. Меніңше бұл дұрыс емес. Жаңадан тұрақты астықкепіргіш салу үшін көзірден бастап әзірлік жұмыстарын жүргізу, әсіресе құрылыс материалдарын дайындап алу керек.

Біздің пункттің коллективі қол жеткен табысқа масаттанбайты. Олар табысты

актары, Преснов аудандық партия комитетінің кітапханасы жанындағы партия-совет активінің семинарында ұзақ уақыт бойы лекциялар мен семинар сабақтарының бекітілген тематикасы, тұрақты жұмыс расписаниесі де болмаған, семинар белгілі бағыт ұстамай, үздік-сөздік жұмыс істеген.

Соколов аудандық партия комитетінің кітапханасы жанындағы партия-совет активі семинарының жұмысы сырт қарағанда жаман емес сияқты, алайда мұнда да тек теориялық мәселелер ғана жадағай өтіледі де, нақтылы экономика мәселелері тіпті талқыланбайды десе де болады.

Қадрларымызға экономикалық білім берудің әсерлі бір әдісі қызметкерлердің жекелеген категориясы үшін семинарларды жекеле-жекеле ұйымдастыру болып табылады. Мәселен, Прешім және Мамлют аудандарында колхоз председателдері үшін, қалада транспорт, құрылыс, сауда қызметкерлері үшін жекеле-жекеле экономикалық семинарлар ұйымдастырылды. Бұл семинарлардың жұмысынан қадрларға экономикалық білім беруді ұйымдастырудың мұндай әдісі семинарлардың жұмысын неғұрлым нақтылы етіп жүргізуге, олай болса, саяси оқуды қызметкерлердің қайсыбір категориясының өзіндік тілек-мүдделерімен ұптастыруға мүмкіндік беретіндігі көрсетілген. Қадрлардың оқуын

тыңдаушыларының бәрі де колхоз өндірісінің түрлі учаскторларына бөлініп, онда олар Пленум қарарлары туралы колхозшылармен әңгіме өткізді, мал фермалары жанына жемішпен тасу ісіндегі, фермада еңбек ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыруға тікелей қатысты.

Немесе басқа бір мысал алайық. Булаев МТС-і жанындағы кешкі партия мектебінде сабақтар идеялық жоғары дәрежеде өтеді. КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының материалдарын оқып үйрену кезінде мектептің тыңдаушылары (ал бұлардың көпшілігі МТС механизаторлары болып табылады) тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөнінде инициатива көрсетті. МТС қызметкерлері өздерінің міндеттемелерін аброймен орындап келеді: тоқсандық жөндеу жоспарын коллектив үстеміндегі жылдың 1 декабріне дейін мерзімінен бұрын орындап шығып, социалистік жарыста бірінші орынға се болды.

Бұл мысалдар қай жерде партиялық насихат өмірмен, практикалық міндеттермен тығыз байланыстырылатын болса, сон жерде теориялық білімдерін арттыруға коммунистердің барынша ынталы болатындығын көрсетеді.

Бірақ көптеген партия ұйымдарында сабақтардың идеялық дәрежесін арттыру,

даудың маңызды құралына айналдыруға болатындығын дәлелдейді. Сабақтардың сапасын арттыру, насихатты өмірмен байланыстыру ең алдымен насихатшыларға байланысты. Сондықтан да партия комитеттері насихатшылармен тығрылықты жұмыс жүргізуге, оларды практикалық міндеттермен таныстырып отыруға тиіс. Теорияны практикамен байланыстыру мәселесі, ал бұл салада таңдаулы насихатшылардың жұмыс тәжірибесі қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанында өткізілетін насихатшылардың семинарларында талқыланып отыратын болуы керек.

КПСС Орталық Комитеті идеологиялық жұмысқа көп назар аударып, бұл жұмысты өмірден ажыратудың зияндылығын көрсетіп отыр. Облыстық партия ұйымдары КПСС Орталық Комитетінің бұл нұсқауларынан қорытынды шығарып, партиялық насихатқа басшылық жасау ісін шұғыл жақсартуға және біздің қадрларымыздың марксизм-ленинизмді оқын үйренуі әрбір кәсіпорынның, колхоздың, МТС пен совхоздың, әрбір бригада мен ферманың жұмысын жақсартатын болуына бағытталған шараларды жедел жүзеге асыруға тиіс.

С. УАҚБАЕВ,

облыстық партия комитетінің ауылша және баспасөз насихаты секторының меңгерушісі.

Ауылшаруашылық тақырыптарындағы фильмдер фестивалі

Ғылыми-техникалық және ауылшаруашылық тақырыптарындағы кинофильмдер егіншілер мен механизаторлар және мамандар арасында ауыл шаруашылығының озат әдістері мен ғылым және техниканың соңғы жаңалықтарын насихаттаудың қуатты құралы болып табылады. Сондықтан да кезіргі уақытта бүкіл елімізде үстеміндегі жылдың 1 январьнан 1 майға дейінгі аралықта ауылшаруашылық тақырыптарындағы фильмдердің Бүкілөлкедікі фестиваль өткізуі белгіленіп отыр. Бұл фестивальді ойдағыдай өткізу, сөз жоқ, ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында озат әдістер мен ғылым жетістіктерін кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, еңбекшілерді партия мен үкімет алға қойып отырған міндеттерді орындауға жұмылдыруға көмектеседі.

Біздің облысымызда ауылшаруашылық тақырыптарындағы фильмдердің кинофестивалі барлық аудандарда бір уақытта өткізілгені отыр. Облыстық кинопрокат ауыл шаруашылығының озат әдістерін насихаттау басқармасымен және облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімімен бірлесіп отырып, бұл кинофестиваль кезінде облыс еңбекшілеріне 41 түрлі программада кино көрсетуді белгі-

леді. Сол сияқты барлық аудандарда фестивальді өткізу жөніндегі жауапты комиссиялар құрылып, олардың құрамына жергілікті партия және совет ұйымдарынан жауапты адамдар белгіленді.

Облысымызда фестивальді ойдағыдай өткізуге толық мүмкіншілік бар. Сонымен қатар облысымыздың кино қызметкерлері бұл салада біраз тәжірибелерге де ие. Мәселен, олар 1954 жылдың қысында өткізілген кинофестиваль кезінде ауыл шаруашылығының 60 мыңнан астам еңбекшілерін қамтыған болатын. Бұл фестиваль кезінде жергілікті жерлерде жұмыс істейтін агрономдар мен зоотехниктер және басқа мамандар киносеанстар басталар алдында ауыл шаруашылығы тақырыбына 175 лекция оқыды. Прешім аудандық мәдениет бөлімі фестивальді өткізу үшін екі жылжымалы киноустановка бөліп, онымен 5700 егіншілер мен механизаторларды қамтуға жеткісі. Ал Петропавл ауданының кино қызметкерлері бұл уақыттың ішінде 10 мыңнан астам еңбекшілерге ауылшаруашылық тақырыптарындағы фильмдерді көрсетті.

Өткен фестивальдің тәжірибесі бірқатар аудандарда еңбекшілерді ауылшаруашылық тақырыптарындағы фильмдермен қамтуда зор жеміштіліктер бар екендігін де

көрсетті. Мәселен, Совет және Октябрь аудандарындағы мәдениет бөлімдері, сол сияқты колхоздар мен совхоздардағы бастауыш партия ұйымдары егіншілер мен механизаторлар арасында ауыл шаруашылығының озат әдістерін насихаттайтын фильмдерді көрсетуге мән бермеді. Соның салдарынан бұл аудандардың көптеген елді пункттерінде кинофестиваль кезінде ешқандай фильмдер көрсетілмеген. Ал бірқатар колхоздардың басшылары бөгде себептерді бетке ұстап, елді пункттерде кино қою үшін қажетті жағдай туғызбады.

Кинофестивальді ойдағыдай өткізудің зор маңызы бар. Оған дайындық жұмыстарын осы бастан мұқият жүргізе бастау керек. Ең алдымен аудандық мәдениет бөлімдері фестивальді өткізу жөніндегі комиссия мүшелерімен келісе отырып, жылжымалы киноустановкақардың қатаң графиктерін және маршруттарын жан-жақтылықпен белгілеулері қажет. Сол сияқты әрбір киносеанс басталар алдында ауыл шаруашылығының мамандарын сол фильмде көрсетілетін тақырыптар жөнінде лекция оқуға тартудың зор маңызы бар.

М. АВЕРИН,

облыстық «Кинопрокаттың» директоры.

миллон сомның товарларын шығаруға міндеттенді. (ҚазТАГ).

Қыста жас овощ өседі

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Декабрьдің сары аязы сақылдап тұр. Ал Родников ауданының Молотов атындағы колхозының теплицасында көктем шылақан пияз балауға қожніл тартты. Быйыл колхозшылар қыста да овощ өсіруге. Қамқоршылар — ферросплав заводының коллективі оларға теплица салып берген болатын. Оны жылытуға заводтың орталық бу электр станциясының буы пайдаланылады. Теплицаның 640 шаршыметріне пияз, қыяр өгілді. Декабрьдің аяғында пияздан, январьда қыярдан алғашқы өнім алынады. Ева Гольфрихтің звероһсындағы овощ өсірушілер өгінді жақсы күтуде. Колхоздың председатели, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Трофимен жолдас, Ақтөбе сорт сынау участогінің агрономы Зарицкая жолдас оларға практикалық кеңесімен зор көмек көрсетуде.

Мартөк ауданының «Победа», Энгельс атындағы колхоздарында, химия комбинатының және Ақтөбе темір жол бөлмшесінің көмекші шаруашылықтарында теплицада овощ отырғызуға әзірлік жүргізілуде.

Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының құрылысында

КОМСОМОЛЬСКИЙ ПОСЕЛКЕСІ. (Қостанай облысы). (ҚазТАГ). Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының жұмысшылар қалашығы жылдам өсіп келеді. Тұрғын үйлер бірінен соң бірі пайдалануға берілуде, мәдени-ағарту мекемелері, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар ашылууда. «Соколоврудстрой» тресінің көптеген жұмысшылары мен қызметшілері, комбинаттың кеншілері кәзірдің өзінде көрікті пәтерлерде тұрады. Мектеп, кітапхана, пошта, аурухана, магазиндер, мошна, халықтың тұрмыс қажетін өтейтін мастерской жұмыс істейді, су проводының алғашқы кезегі пайдалануға берілді.

Жаңадан қоныстанушылар оқуда

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Жаңа астық совхоздарында көктемге әзірлік өрістеді — техника жөндеуде, тұқым даяртылууда, тыңайтқыштар тасылууда. Мұнымен қатар жүздеген жаңадан қоныстанушылар өздерінің білімін көтеруде, жаңа мамандықтар меңгеруде. Западный совхозында агротехникалық курс жұмыс істейді. Оған 40 адам — трактор-егіс бригадаларының бригадирлері, жұмысшылар қатысып оқыйды.

Агрозоотехникалық оқу басқа жаңа астық совхоздарында да ұйымдастырылууда. Курстарда екі мыңнан аса жаңадан қоныстанушы оқитын болады.

ры коллективтің алған міндеттемені кезінде орындап шығуына, егін жыйнау маусымы басталғанға дейін 4 қойманың құрылыс жұмыстары толық аяқталуына мүмкіндік туғызды.

сында өте отырып, құрылыс жұмыстарын барған сайын өрістетіп беретін болады.

М. СТАДНИК,
«Заготзерноның» Явленка астық пунктінің директоры.

Жарыс озаттары

Облыстық кәсіпшілік Советіне қарайтын «1—Май» артелі коллективі еңбекшілердің тұрмыстық қажеттерін өтеу жолындағы күресте жылма-жыл жаңа табыстарға ие болып келеді. Артель тігіншілері еңбекшілерге сапалы, берік киімдер тігу жолында үстеміндегі жылы да көзге түсерліктей еңбек етті. Мұнда жалпы өнім шығару жөніндегі 11 айлық тапсырма 104,8 процент болып орындалды. Жылдың үшінші тоқсанында еңбек өнімділігі 102,4 процентке дейін артып, шығарылатын өнімнің өзіндік құны 3,6 процент кемітілді.

Артель цехтарында, бригадалары мен сменаларында еңбек етушілер өнімді мол шығарумен бірге, оның сапасын үнемі жақсарту беруге және материалдар мен шикізаттарды мол үнемдеуге ерекше назар аударады.

Коллективіміз КПСС XX съезі ашылу күніне өндірістік жаңа табыстармен келуді ұйғарып, бұдан бірер ай бұрын еңбек вахтасына тұрған болатын. Жарыста Ф. Исаева жолдас басқаратын әйелдер кәсіпшілерінің № 1 цех коллективі үздік алды келеді. Цех адамдары 1955 жылға белгіленген өндірістік тапсырмаларын Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесі күніне дейін толық орындап шықты.

Артельдің Коркин жолдас басқаратын цехы да міндеттелген тапсырмаларын айдан-айға асыра орындаумен келеді. Мәсе-

лен, әйелдер киімдерін тігетін № 4 цех жаңа модыны киімдер тігетін, жаппай киім тігетін № 2 цех коллективтері 11 айлық өндірістік тапсырмаларын 110 проценттен асыра орындап шықты. Мұндағы еңбек озаттары Воробьева жолдас сменалық тапсырманы 200 проценттен бірде-бір кем орындамайды. Ал, тігінші-мастерлер Бычкарева, Головина, Исаева сияқты жолдастар айлық, тоқсандық және сменалық өндірістік тапсырмаларын 150—170 процентке дейін жеткізеді.

Партияның XX съезі күрметіндегі социалистік жарысқа қосылған жаппай тігін цехы коллективінің де қол жеткен табыстары ерекше. Мәселен, цех тігіншісі Пасечный жолдас смена сайын екі-сәтжарым норма орындайды.

Артель коллективі өндіріс жұмыстарында қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, КПСС XX съезін жаңа өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс туын бұрынғысынан да жоғары көтерді. Сөйтіп, 1955 жылға белгіленген өндірістік жоспарды 15 декабрьге дейін толық орындап шығып, жыл аяғына дейін жоспардан тыс 600 мың сомның сапалы өнімін шығарып берді. Бұл күндері осы міндеттемелерді абройлы орындап шығу жолындағы күрес қыза түсуде.

М. МИНЕНКОВА,
қаладағы «1-май» кәсіпшілік артелінің председатели.

Творчестволық ынтымақ

Мамлют жөндеу-механикалық заводының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері КПСС XX съезі күрметіндегі социалистік жарысты барған сайын өрістетіп келеді. Соның нәтижесінде заводта еңбек өнімділігі еселеп артып, шығарылатын өнімнің сапасы жақсаруда, өзіндік құны кеми түсуде.

Завод коллективі жұмыстың еңбекті көп керек ететін салаларын механикаландыруға, жаңа техниканы өндіріске енгізуге, технологияның озат әдістері мен бай тәжірибелерін жүзеге асыруға ерекше назар аударып келеді. Мұның өзі завод коллективінің алған социалистік міндеттемелерін абройлы орындап шығуларына мүмкіндік туғызып жүр.

Съезд күрметіндегі еңбек вахтасына тұрған Таисья Андреевна Каер жолдасын втулка жасаудағы қол жеткен табысы ерекше. Ол бұдан бірер ай бұрын күн сайын 105 втулка жасауға міндеттенген болатын. Каер жолдас жақында бұрын ал-

ған социалистік міндеттемесін қайта қарап, күн сайын 210 втулка жасап шығаруды ұйғарды. Озат өндірісшінің социалистік жарыста алған міндеттемесі мен істеген ісінің арасында ешқандай алшақтық болған жоқ.

Заводтың рационализаторлары мен өнертапқыштары өнім шығаруды молайта беруге, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған көптеген жаңалықтар тауып, өндіріске енгізіп отыр. Слесарь Александр Евграфович Дроздов жолдас үлгі құю цехында жаңа машина-комбайн пайдаланудың жобасын жасады. Бұл жаңалық деркезінде қолдау тауып, өндіріске енгізілді. Дроздов жолдас жасап шығарған машина-комбайн үлгі жасауға қажетті тошырақ жеткізуді және басқа операцияларды едәуір жеңілдетті. Сонымен бірге, 5 адамды өндірістің басқа салаларына ауыстыруға қолайлы жағдай туғызды.

Қ. САЛИМОВ,

МАЛ КҮТІМІ ЖАҚСАРТЫЛА БЕРСІН!

Нақтылы басшылық керек

«Искра» колхозында мал шаруашылығын жедел өркендетудің нақтылы шаралары мінсіз жүзеге асырылған болса, онда мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға жетіп, колхоздың экономикасы нығая түскен болар еді. Бірақ жағдай бұлай болмай келеді. Мұнда мал өсірудің жоспары жыл сайын орындалмай жүр. Мал шаруашылығының өнімдері мүмкіншіліктен әлдеқайда кем.

Мұның басты себебі неде? Алдымен, колхозда мал қыстатуға тиісінше көңіл бөлінбей келеді. Демек, өткен жылғыдай, быйыл да мал қыстатудың алғашқы күндерінен бастап елеулі кемшіліктер орын алып отыр.

Колхозда жемшөп аз. Соған қарамастан, азықты үнемден жұмсау, малға шөпті рационмен беру ескерілмей келеді. Тіпті мұнда малға сабан мен топанды турап, буландырып беру ойға да алынбаған.

Жағдай, әресе, сыйыр фермасында мүшкіл. Мұнда сауын сыйырлар тәулігіне екі мезгіл ғана азықтандырылады. Малшылар өз жұмыстарына жауапсыз қарайды. Себебі, фермада жұмыс істейтін адамдар жиі ауыстырылады. Соңғы екі-үш айдың ішінде ғана 8 сауыншы ауыстырылған. Сауыншылар құрамының тұрақтандырылмауы салдарынан, сыйырлардың құнарлылығы төмен. Мұнда 1 октябрьден бастап, әрбір сыйырдан күнделікті алынған сүт мөлшері 1 литрден аспай жүр. Мал тұратын қоралар ашық-тесік, боранды күндері қораларға қар толып қалады. Мұндай жағдайда малдың қонды болу мүмкіндігі жөніне сөз болмақта емес қой.

Көзір төл алу маусымы басталды. Ал колхоз фермалары бұл іске мүлдем әзір емес. Бұзау үйіне сәкі салу және оның ішін клеткаларға бөлу ұмыт болған істің бірі.

Көй фермасының жұмысында да елеулі кемшіліктер барлығын айта кету керек. Қойлардың бірқатарының қоны ортадан төмен. Олар ерекше күтімді қажет етеді. Бірақ оларды бөлек күту және құнарлы азықпен азықтандыру ұйымдастырылмай отыр.

Быйыл колхозда шошқа саны мүлдем

кеміп кетті. Көзір фермада небары 17 ғана мегежін бар. Оларға берілетін азық — тек турнепс. Егер оны турап, пісіріп берсе, онда бұл азық әлдеқайда жұғымды болған болар еді. Бірақ, мұны ұйымдастыруға колхоз басшылары жете мән бермейді. Шынында, бұған колхозда мүмкіншілік те жоқ емес. Қолда бар азық буландырып және азықтандыруға іске пайдаланылмай отыр.

Колхозда дайындалған жемшөпті қоралар қасына тасудың барысы да өте-өте қанағаттанғысыз. Бұл күндері мал қоралары қасында небары 7-8 күндік қана жемшөптің қоры бар. Солай бола тұрса да, шөп тасуға көлік күші толық пайдаланылмай отыр. Куйбышев атындағы МТС-те бұл жөнінде колхозға нәтижелі көмек көрсете алмай келеді. Рас, МТС шөп тасуға үш трактор бөлген. Бірақ әр трактормен күніне небары 30-40 центнер ғана шөп тасылады.

Колхозда мал қыстатудың барысында осындай елеулі кемшіліктер болса да, партия ұйымының секретары Процкий жолдас фермаларға тыңғылықты көмек жасауды қажет деп санамайды. Тіпті ол фермаларда үгітшілердің малшылармен әңгіме өткізіп тұруын да ұйымдастырмаған. Мал қыстатудың шешуші учасқтарына коммунистер бөлінбеген.

Колхоз председатели Лобач жолдас та мал қыстату сияқты аса маңызды жұмысқа жанды басшылық жасай алмай жүр. Ол фермаларда сирек болады.

—Біз колхоз басшыларының фермаларда жиі болып тұруын өтінеміз. Бірақ Лобач жолдасы фермаға кейде шақырып та келтіре алмаймыз. Қыс түскені фермада ол небары үш-төрт рет қана болды. Оның өзінде де мас болып келді— дейді бұзау күтуші Клименова жолдас.

Мал қыстатудың көзіргі барысы бұл колхозда мал күтімінің нашарлығын және сауын сыйырлардың құнарлылығы төмендігінің көрсетіп отыр. Сонымен бірге, қысқы маусымда мал шығыны болу хауып де туып отыр. Бұл жағдаймен аудандық ұйымдардың жете айналысуы қажет.

Т. КӘДІРОВ.
(Өз тілшіміз).
Явленка

Малшаруашылық өнімінің молшылығы үшін

Киров атындағы ауылшаруашылық артезінің (Кониюх ауданы) мүшелері мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді барынша арттыра беру үшін қолайлы жағдайларды түгел жасауда. Осы жылы бұл колхоз пішен үшін қарабайдай егіп, оның әрбір гектарынан 15 центнерден өнім жыйнады. Жүгері егісін де едәуір арттырды. Көзіргі кезде сауын малдар құнарлы азықпен мол қамтамасыз етіліп отыр.

бойынша октябрь айында әрбір сыйырдан орта есеппен 143 литр сүт сауылды. Ал сауыншы Е. Васильева әрбір сыйырдан 200 литрден сүт сауды.

Колхоз 1956 шаруашылық жылында әр сыйырдан 1800 литр сүт саууға міндеттеніп отыр. Өткен жылы әр сыйырдан 1802 литр сүт сауылған. Озат сауыншы Васильева жолдас бұл көрсеткішті 2500 литрге жеткізуге міндеттенді.



КПСС XX съезі құрметіндегі жарыс Петропавл тепловоз депосының коллективі арасында барған сайын кең құлаш жаюда. Дизельдерді жөндеу жөніндегі слесарь Волат Елутаров съезді күндік тапсырмаларды 180 процент орындаумен қарсы алғалы отыр.

СУРЕТТЕ: Б. Елутаров жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Преснов ауданында Жоспар орындалды

Преснов дңірменінің коллективі бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын— апрель айында орындап шыққан болатын. Көзір коллектив партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан. Олар дңірменді жабайы жөндеуден өткізуді мерзімінен 10 күн бұрын аяқтады, сөйтіп, октябрь, ноябрь айларының жоспарын 150 процент етіп, артығымен орындады.

Өндіріс озаттары

Киров атындағы артельдің жұмысшылары сменалық, айлық тапсырмаларды асыра орындауға жетісуде. Тігіншілер В. Иванова, С. Воронюк, етікші А. Легков, кірпіш күйдіруші С. Красиков және басқалары артельдің таңдаулы өндіріс озаттары болып саналады. Социалистік жарыста киім тігу цехы алда келеді.

Сүт өндіру артуда

Ауданның колхоз, совхоздары сүт өндіруді арттыруда «Красный партизан» колхозы октябрь, ноябрь айларында әрбір сауын сыйырдан 256 литрден сүт алуға жетісті. «Победа», Абай атындағы және басқа колхоздар да өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда сүт өндіруді едәуір арт-

Октябрь ауданының мектептерінде тіл пәнін оқытудың жайы туралы

Қазақ балаларын орыс тіліне үйрету — өте қиын, жауапты да игілікті іс. Алайда осы игілікті істің жүзеге асуы Октябрь ауданының мектептерінде ойлағандай дәрежеде емес екендігі қатты толғандырады. Рас, бұл істің жайы барлық жерде бірдей дерлік нашар деуге болмайды. Кейбір жекелеген мұғалімдер өз жұмыстарының дәрежесін қойылған талаптың мүдде-мақсатына жауап боларлық сатыға көтеру жолында аянбай еңбек етуде.

Мәселен, Ленин орта мектебінің оқытушысы М. Егорова жолдасының еңбегі ерекше көзге түседі. Ол әр сабаққа мұқият дайындалып, сабақтың методикалық тұрғыдан жоғары дәрежеде өтуіне баса көңіл бөледі, сабақты дұрыс ұйымдастырады. Бұл мұғалімнің сабағында оқушылар сабаққа белсене араласады, соның нәтижесінде сабақ өте қызығалықты өтеді. Оқытушы әр сөздің оқушы сана-сезіміне жетіп, берік орнауына, оның сөздің қорына жіріне баса көңіл аударады. Егорова оқушыларға таныс емес, бүгінгі сабақта үйретілуде тиісті әрбір жаңа сөзді қалай түсіндіріп жеткізу керектігін алдын ала ескереді. Ал грамматикалық тақырыптарды өткенде оқушылардың қатысуымен амсалдарды талдай отырып, класты жалпы қорытындыға біртіндеп жетектей отырып өкеледі. Соңынан бұл қорытынды әртүрлі жаттығулармен тыянақталып отырады. Оқытушы әр уақытта балаларға түсінікті тілде, таза, айқын сөйлеуге тырысады және оқушылардан да осыны талап етеді. Ол оқушының жауап сөзін қатты қалағалап, әрбір қате айтылған сөзді, дыбысты, дауыс еңбегін төзімділікпен қайта-қайта ескерте түзей отырады. Сөйтіп, М. Егорова аса бір күрделі, қиын және жауапты жұмысты — қазақ балаларына орыс тілін үйрету жұмысын методикалық тұрғыдан өте шебер жүргізеді.

Алайда, қазақ мектептеріндегі орыс тілі мұғалімдерінің арасында Егорова сияқты маман педагогтардың аз ұшырасатындығын, көптеген оқытушылардың қойылған талапқа сай жұмыс істей алмай отырғандығын жасыруға болмайды.

Жаңажол жетіжылдық мектебінің оқытушысы Балғозин — орыстың сөйлеу тілін жақсы меңгерген адам. Бірақ ол оның грамматикасын жете білмейді. Соның салдарынан көпшілік жағдайда материалды дұрыс баяндамайды. Бұл оқушылардың қате түсінік алуына, орыс тілін оқытудың сапасының төмендеуіне, сөз жөк, тікелей кері әсер етеді.

Оқытушы Я. Сергеев (Қаратап жетіжылдық мектебі) орыстың тілін де, грамматикасын да жақсы біледі. Алайда, оқытушы өзінің сөзінде оқушыларға түсінік-

індатады, ақыр аяғында, сабақтың сапасын төмендетуге әкеліп соғады.

Бастауыш кластардың жайы бұдан да нашар. Нұрғаманов, Ғаббасов (Қаратап жетіжылдық мектебі), Нұртазина (Ленин орта мектебі), Нұрқанов (Жаңажол жетіжылдық мектебі) сияқты оқытушылар — бастауыш кластарда көптен бері істеп келе жатқан тәжірибелі мамандар. Олар бастауыш кластарда, әресе екі көпшілікті кластарда жұмыс істеудің методикасын бірысырғы тәуір біледі, балалармен жұмыс істей алатын, методикалық жағынан жақсы дайындалғандар қатарына жататын оқытушылар болып табылады. Бірақ, орыс тіліне келгенде бұл жолдастардың халі мүшкіл. Аталған оқытушылар орыс тілін нашар білетіндіктен өздерінің сөздерінде, әресе сөз байланыстарында, дауыс еңбегінде, көптеген қателер жібереді.

Жастарымызды жан-жақты жетілген білімді адамдар етіп даярлауда, білім негіздерімен қаруландыруда ана тілінің маңызы өте зор. Ана тілінен негізгі білім оқушыларға жетіжылдық және орта мектептердің V—VII кластарында беріледі. Ендеше бар жауапкершілік, бар міндет осы кластардың мұғалімдеріне жүктеледі.

Бұл салада өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жүктелген міндетті орындау жолында сапалы еңбегімен көзге түсіп жүрген тәжірибелі оқытушыларымыздың бірі деп Ленин орта мектебінің оқытушысы Мұқанов жолдасы атауға болады. Мұқанов жолдасын әр сабағы өте қызығалықты, сапалы өтеді, методикалық тұрғыдан алғанда шебер ұйымдастырылады. Оқытушы оқушылардың грамматикалық ережелерді жете меңгеруіне және алған білімдерін практикада қолдана білу дағдыларының қалыптасуына баса көңіл аударады. Ол оқушылардың жауап сөздерін қатты қалағалай отырып, олардың тіл мәдениетін көтеруге бағытталған аса күрделі жұмыстарды тынбай жүргізеді.

Ал, Ескендірова (Қаратап жетіжылдық мектебі), Қазықанов (Жаңажол жетіжылдық мектебі) жолдастардың жұмысында басқаша әуен байқалады. Бұл жолдастар өз пәндерін жақсы білгендерімен, сабақтың методикалық дәрежесін көтеруде жеткілікті тәжірибемен қаруланбаған. Қазықанов пен Ескендірованың сабақтарында сабақтың жеке бөліктері бір-бірімен байланыстырылмайды, материалдар бір-біріне келтіріліп, сараланып, заңды түрде асырып келіп, практикалық жұмыспен көмкерілмейді. Сөйтіп, грамматикалық ұғымдар бір-бірінен оқшау қалып, оқушы санасында бір арнаға түспейді. Ал, бұл жайды оқушының өтілген материалды практикада қолдана алмаушылығына әкеліп соғатыны белгілі.

Сабақ беру дәрежесін көтеру үшін пән-

шаралық көрсетіп жүрген оқытушылардың басым көпшілігі мектеп ішіндегі методикалық жұмыстардан шет қалып жүреді. Ал, осыған орай, методикалық жұмыс та мектеп басшылары тарапынан тиісті басшылық тауып, өз дәрежесіне сай жүргізілмей жүр.

Қаратап, Жаңажол жетіжылдық мектептерінде методикалық жұмыстың жағдайы өте нашар деуге болады. Мүмкіндік бар бола тұрса да, бұл мектептерде бірде-бір пән секциясы ұйымдастырылмаған, оқытушылардың бір-бірінің сабақтарына қатысып, әдіс ауысу жұмысы мүлде аяқсыз қалдырылған. Мектеп басшылары, оқытушылар әр тектанді бір рет шақырылатын методикалық шағын бірлестіктің жыйынына қатысумен ғана қанағаттанады.

Ленин, Қаратап, Жаңажол мектептерін қамтытып методикалық шағын бірлестіктің де жұмысы аса қуанаарлық жағдайда емес. Рас, методикалық шағын бірлестік оқу жылының басынан бері кейбір жұмыстар істеген. Оның пән секцияларында мұғалімдердің тәжірибелерінен баяндамалар тыңдалып, ашық сабақтарға талдаулар жасалған. Пән секцияларында тыңдалған баяндамалардың басым көпшілігі тәуір деп табылып, көзір январь айында болатын «Педагогикалық оқуларға» дайындалып жатыр. Бұл сияқты баяндамалардың жалпы саны үш мектеп бойынша оннан асады.

Бірақ, методикалық шағын бірлестік жұмысының мына сияқты кемшіліктерін айтып кетуге болмайды: бірлестік шақырылған уақытта оның пән секцияларының мүшелері қатынассыз, артынан талдау жасап, әдіс ауысулары үшін ұйымдастырылатын ашық сабақтарды жүргізу көпшілік жағдайда жас, тәжірибесі аз оқытушыларға жүктеледі. Рас, жас мұғалімдерді тәрбиелеуде, оларды методикалық жағынан ұстартуда ашық сабақтың шөп пайдасы бар. Алайда, бұл жұмыстарға жастармен қатар тәжірибелі мұғалімдерді тартуды көбірек қарастыру керек. Өйткені, ашық сабақтың үйретуші сыйпатта болуы оқытушылар үшін пайдалырақ болар еді.

Аталған мектептерде бірлестік жұмысының тағы бір олқы жері сол — пән секцияларының жұмыстарына оқытушылардың бәрі бірдей белсене араласпай, қалыс отырушылар жиі кездеседі. Мұнда өдетте, пән секцияларында бірлестік шақырылған мектептің оқытушылары ғана баяндама жасайды да, басқа мектеп оқытушылары ескерілмейді. Бұл олардың қалыс отыруына жағдай туғызады. Бірлестік жұмысын жандандыра түсу үшін, қатынас оқытушылардың белсенділігін арттыра түсу үшін басқа мектептер оқытушыларынан да (бірлестікке кіретін) баяндамашылар белгілен отыру керек бо-

Колхоз мал қыстатуға да жақсы әзірлікпен кірісті. Мұнда дайындалған пішен түгелдей мал қоралары жанына тасылып жеткізілді. Әрбір сыйырға қораға тұрған күннен бастап ірі сабақты жемшөптен тыс күн сайын 20 килограмм жүгері сүрлемі беріледі. Осының нәтижесінде колхоз

Колхоз басқармасы мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра беру үшін алдағы жылы бір қой қорасын, бір сыйыр қорасын салуды жоспарлады. Қазір оның қажетті материалдары дайындала бастады.
Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Мал күтімін жақсарту түсуде

«Аралараш» колхозы (Совет ауданы) товарлы-сүт фермасының мүшелері облыстық кеңеске қатысқан озат сауыншылар мен зоотехниктердің малды күтуі, азықтандыруды жақсарту беруге шақырған үндеуін қызу қуаттады. Қазір олар мал күтімін жақсарту түсу үшін барлық жағдайды жасауда.

Бұл күндері колхоз басқармасы дайындалған пішеннің түгелдей мал қоралары

жанына тасылып жеткізілуінің шараларын қолдануда. Жемшөп тасуда екі «ДТ—54» тракторы жұмыс істейді. Олармен күн сайын 200-220 центнер шөп тасылуда.

Мал өсіруші колхозшылар партияның ХХ съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, мал шаруашылығы өнімдерін мейлінше мол өндіру үшін күресуде.
О. ҒАБДУЛЛИН.

тырды. Съезд құрметіндегі жарысқа ұштасқан аудан колхоздарының мал өсірушілері сыйырдың құнарлылығын жаз күндеріндегіден кемітпеу үшін күресуде.

Лекция оқылды

Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Б. Кәрімбаев жолдас Преснов авторотасының коллективіне халықаралық жағдай туралы лекция оқып берді. Бұған авторотаның көптеген шоферлары, слесарьлары және басқа жұмысшылары қатысты. Ауданның басқа колхоз, совхоздарында және МТС-терінде де ауылшаруашылық тақырыптарында халықаралық жағдай туралы тағы басқа тақырыптарда лекция оқылып тұрады.

М. СӘЛМЕНОВ.

қыйын соғатын орынсыз шұбаланды тіркестер мен шумаларды орынсыз өте жиі қолданылды. Сөздік жұмысына жете мән бермейтін оқытушы балаларға түсініксіз мұндай тіркес шумаларды түсіндіріп жатуды қажет деп таппайды. Ал бұл балалардың оқытушының баяндауының негізіне түсінуін ауырлатады, сөйтіп, сабақ материалын саналы түрде меңгеруін қы-

Бұл үшін әрбір оқытушы өзінің методикалық шеберлігін арттыру жолында қажымай, үнемі еңбектенуі қажет. Мұнымен қатар әр оқытушы өзінің педагогикалық-методикалық шеберлігін арттыруға бағытталған жеке жұмыспен шектеліп қалмай, мектептегі методикалық жұмыстардың барлық түріне қызу араласуды өз міндетім деп санауы керек. Өз жұмыстарында

лады. Аталған мектептердің басшылары бұл жайларды мықтап ескере отырып, мектеп ішіндегі методикалық жұмысын жандандыруға бар мүмкіншілікті сарқа пайдаланулары қажет.

Ж. МУСИН,
облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының методисі.

Жаңа клубтағы концерттер

Быйылғы күзде Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының еңбекшілері қала кәсіпорындарының көмегімен жаңа клуб үшін салған болатын. Бұл күндері бұл клубта ауыл шаруашылығы еңбекшілерін мәдени қамту жөнінде күрделі жұмыстар жүргізуде. Мәселен, мұнда егіншілер мен

механизаторлар үшін түрлі тақырыпта баяндамалар мен лекциялар, әңгімелер, демалыс кештері жиі өткізіліп отырылады.

Жаңа клуб үйінде колхозшылар үшін концерттер де жиі көрсетіледі. Мәселен, мұнда жуырда Ленин орта мектебінің коллективі колхозшыларға «Қозы Көрпеш жә-

не Баян Сұлу» пьесасын көрсетті. Сонымен қатар жаңа клуб үйінде колхоз өнерпаздары да бірнеше рет концерттер ұйымдастырды.

А. ӘБІЛШЕИСОВ,
Октябрь ауданы, «Бірлік» колхозы партия ұйымының секретары.

Техниканы көктемгі егіске үлгілі әзірлейік!

Тораптық әдісті қалай игердік

Трактор жөндеудің кәзіргі кездегі ең озат әдісі — тораптық әдіс біздің МТС-те 1950—1951 жылдары қолданыла бастады. Бастапқы кезде жаңалыққа күдік шақырып, қобалжушылар көп болғанымен жүре-бара бұл әдіс өзінің озаттығын анықтады, тиімділігіне сендірді. Оны әр механизатор практикада көрді.

Бастапқы кезде тораптық әдісті қолдануда үлкен қиыншылықтар да кездеспей қойған жоқ. Ол — біздің мастерскойдың стандартты болмауы, механизаторлардың жекелеген тораптарды жете білмеуі, жұмыс ұйымдастырудағы түсінбеушілік сыяқты қиыншылықтар еді. Ол кезде біз барлық жұмысты тораптық әдісті қолданып жүрген басқа МТС-те көргеніміздей етіп жүргізуге, немесе кітаптардан оқырғанымыздай етіп ұйымдастыруға тырыстық. Тораптарды жергілікті мастерской жағдайына қарай орналастыру сыяқты творчестволық тапқырлықтар аз болды. Өрине, мұны біраз тәжірибе алған соң механизаторлар жақсы меңгерді.

Тораптық әдіс осыған дейін трактор жөндеуде қолданылып келген бригадалық және бригадалық-тораптық әдістердің барлығынан да тиімді. Өйткені бригадалық әдіспен жөндегенде, әр бригада өз тракторларын тез бітірін кетуге ұмтылады және онда техниканы олақ білетін жас механикаторлар да болады. Осындай аз және шала мамандары аралас топ жеңіл-желпі бөлшектердің өзін өңдеп қалпына келтіру орнына, оның запастарын күтіп отыратын-ды.

Бригадалық-тораптық әдістің де кемшіліктері толып жатыр. Оның ең бастысы, жөндеуге біраз тәжірибесі бар мамандар іріктелгеніне қарамастан, бір бригада мүшелері екінші бригаданың тракторларын

жөндегенде алақолдық жасайтын. Мұнда да трактордың жекелеген бөлшектерін өңдеп, қалпына келтіру жүзеге аса қоймайтын.

Осы тектес кемшіліктерді жойған, бірқатар бөлшектерді МТС мастерскойында жасауға және қайта өңдеп қалпына келтіруге мүмкіндік берген жөндеудің тораптық әдісі. Бұл әдіс жұмысты кең механикаландырып, еңбекті жеңілдету сыяқты жақсылықтарымен бірге, жөндеу жұмысын трактор бригадалары бригадирлерінің комбайншылардың, үздік тракторшылардың күшімен жүргізуге жағдай жасады. Осы сыяқты көптеген озаттығы болғандықтан да тораптық әдіс елімізде кең өріс алып отыр.

Кәзіргі кезде қай МТС-те болсын техника мөлшері әлдеқайда көбейді. Соған қарамастан, оларды көктемге ерте әзірлеу қажет. Мол техниканы шапшаң жөндеуді тек тораптық әдіс арқылы ғана қамтамасыз ету мүмкін. Бірақ тораптық әдісті әр жер өз жағдайына қарай творчестволықпен қолдануы қажет екенін ұмытуға болмайды. Өйткені тракторды тораптық әдіспен жөндеудің типті технологиясында көрсетілген орны, торап саны барлық мастерскойға бірдей сыя бермейді. Ал орын тапшы деп тораптық әдісті қолданудан бас тарту — үлкен қате.

Бұл сыяқты қиыншылық бізде де бар. Алдымен, біздің мастерскойымыз стандартты емес. Сондықтан ол тракторды тораптық әдіспен жөндеуге лайықталмаған. Бөлшектер саны аз, әрі тапшы. Солай бола тұрса да, біз тораптық әдісті ойдағыдай қолданып, кемшіліктерді жыл сайын біртіндеп жойып, мастерскойымызды іске қолайлыландырып келеміз. Сөйтіп жұмыс жылдан-жылға жақсара түсуде.

Өткен жылы бізде 25-35 жұмыс орны, 20 торап болды. Ал быйыл 46 жұмыс орны бар, 27 торап жұмыс істейді.

Жөнделетін трактордың көп болуы, орнының қолайлылана түсуі, жөндеу мерзімін мейлінше қысқарту сыяқты жағдайлар быйылғы жылы тораптық әдісті ұйымдастыруда біраз өзгеріс жасауды талап етті.

Өткен жылдары біз жөндеу тораптарына көбіне таңдаулы бригадирлерді, олардың көмекшілерін жіберетінбіз де, монтаждау және монтаждау дейінгі тораптарда бригадирлер мен трактористер болатын. Бұл қате практика екен. Быйыл монтаждау және оған дейінгі тораптарға кілең трактор бригадасының бригадирлері және олардың көмекшілері жіберілді. Ал жөндеуші тораптарға бекітілді комбайншылар мен тракторшылар бекітілді. Мұнымен біз саннан да, сападан да — екі жағынан бірдей — ұттық. Тракторларды құрастыру — теориялық білімді және келелі практиканы керек ететін аса жауапты жұмыс. Бізде бұл талапқа сай келетіндер — тек бригадирлер мен олардың көмекшілері ғана. Өйткені бұлардың бәрі тракторшыдан көтерілгендер.

Жеке бөлшектерді жөндеу, бүкіл тракторды құрастырудай емес, әлдеқайда жеңіл. Оны көрінген тракторшы біраз күннен соң-ақ жақсы үйреніп кете алады. Мысалы, комбайншы В. Верде және А. Пигучин жолдастар жалғастырыпш корбканы жөндеуді осы жылы-ақ жақсы меңгерді. Олар жарыста озып шыққандары үшін талай рет ауыспалы вымпел алды. Ал өткен жылы осы торапқа бригадир Третьяков пен оның көмекшісі Кочубей жолдастарды қойған едік. Дәл осындай, шыңжыртабанды, басқару механизмдерін, тағы сол сыяқты, тораптардың біреуінде тұрақты іс-

тегенде жақсы комбайншылар мен тракторшылар мұны оңай меңгере алатынын тәжірибе анық көрсетті. Қазір бізде Мүслимов, Усманов, Зорин тағы басқа жолдастар бұл жұмыстарды аз уақытта-ақ жақсы меңгеріп, табысты атқарып келеді.

Комбайншылар мен тракторшыларды жеке бөлшектерді жөндеуге қоюдың екінші бір пайдасы мынада: бұлар жөндеген бөлшектерінде кемістік жіберіп, оны бақылаушы-механик аңғармай қалған екен делік. Бұл қатені тракторды құрастыруда тұрған тәжірибелі бригадирлер бірден табады да, түзелуін талап етеді. Керісінше, мұндай жауапты орында қатардағы тракторшылар тұрса оны байқай алмай қалуы мүмкін.

Үстіміздегі жылы жөндеу жұмысын жоспарлауға да біраз өзгеріс еңгіздік. Жөндеудің кең графигін жасадық. Оған қай трактордың қашан жөндеуге алынып, қашан шығарылатыны ғана емес, әр тораптағы бөлшектің қай уақытта дайын болатындығын да біліп отыруға болады. Мұндай графигіміз жасау өте оңай.

Жөндеу графигін жасаудың пайдасы неге? Біріншіден, жөндеу баяуламас үшін қай торапқа қандай күш салу керек екені графигтен бірден белгілі болып отырады. Екіншіден, тапсырманы орындаған тораптарға белгі соға отырып, қай торапта жұмыстың орындалмай қалғанын іле білеміз де, оның себебін аңамыз. Үшіншіден, графигтен әр торапқа тиісті тапсырмадан көшірме жасалып, өздеріне ілініп қойылады. Сөйтіп әр тораптағы адамдар келесі күні не істеуге тиіс екенін күнібұрын біледі де, цех бастығынан қажетті бөлшектерді күнілгері талап етіп отырады.

Бізде кәзір жөндеу графигі бірайлық мерзімге жасалады. Мұны бірден бүкіл маусымға да жасауға болады. Тракторлардың мастерскойда жөндеу мерзімі мына мөлшерде: «ДТ—54» 6-7 күн, «НАТИ» 10-12 күн, «С—80» тракторы 20-22 күн жөнделеді. Бөлшектердің қалпына келтірі-

луі ауыстырылуы барлығы осы уақытта аяқталып болады.

Біз барлық детальдарды да типті технологияда көрсетілген әдіс бойынша қалпына келтіреміз. Втулкаларды, шайбаларды, подшипниктердің корпустарын ұстаулар пісіріп жасайтын-ды. Қазір біздің МТС-те темірді электр күшімен пісіретін электровибратор мен трансформатор жасалды. Ол «САК» генераторынан тұрақты ток алып жұмыс істейді. Бұл әресе втулкаға, корпустарға, подшипник ұяларына нәзік өңдеулер жасауды жақсартты.

Быйыл бізде тұңғыш рет комбайндар да тораптық әдіс бойынша жөндеу бастады. Ол үшін жылытылған лапас жасалды. Бұған көмек көрсетушілер де көп болды. Сөйтіп, комбайн жөндеу жұмысы да жақсы жолға қойылды.

Біздің МТС-тің коллективі қостанайлықтардың бастамасын қызу қуаттап, трактор жөндеуді партияның ХХ съезі ашылатын күнге дейін аяқтауға міндеттенген болатын. Коллектив бұл сөзіне берік. Трактор жөндеудің ІҮ тоқсандық жоспары 144 процент орындалды. МТС жөндеу жұмысында бірінші орынға ие болып, социалистік жарыста озып шыққаны үшін ҚКН облыстық комитеті мен

ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАР АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ

Соколов МТС-нің жөндеушілер коллективі қостанайлықтардың техниканы көктемгі егіске ерте әзірлеу және булаевтықтардың машина-трактор паркін жөндеуді КПСС ХХ съезі ашылатын күнге дейін аяқтауға шақырған үндеулерін қызу қуаттап, машина-трактор станциясындағы барлық техниканы жөндеу жұмысын мерзімінен бұрын аяқтауға міндеттенген болатын-ды.

МТС-тің жөндеуші механизаторлары алынған бұл міндеттемені толық орындап шығатындығын көрсетті. Қазір жөндеушілер трактор жөндеудің төртінші тоқ-

сандық жоспарын асыра орындады. 49 машина сапалы жөнделіп, сапқа тұрды.

Жөндеу жұмысында слесарь Хвостов, Решетников, токарь Воронин және Чусовитин жолдастар істің сапалылығымен ерекше көзге түсуде.

Тракторларды бөлшектеу және құрастыру тораптарында істейтін механизаторлар да жұмысты ерекше сапалы атқаруда. Бұл жөнінде Волченко жолдасты ерекше атап айтқан жөн. Детальдарды тазалап жуу жұмысында механизатор Брык жолдас ерекше ұқыптылық көрсетіп келеді.

А. ЛОГВИН,
Булаев МТС-нің бас инженері.

В. ДРАННИКОВА.

Қазақстанның музыка мәдениетін дамытуда жаңа табыстарға жетейік

Е. БРУСИЛОВСКИЙ,

Қазақ ССР халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты.

Республиканың совет композиторларының екінші съезі 13 декабрь күні ашылды. Съезд—қазақ музыкасын дамыту тарихындағы даңқты белес. Ол бірінші съезден бері өткен жеті жылдың ішінде композиторлардың істеген жұмысының қорытындыларын шығарады, олардың табыстарын тиісті дәрежесінде бағалап, музыкалық-творчестволық жұмыстағы кемшіліктерге талдау жасайды.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстан бұрынғы патшалық Россияның артта қалған шет аймағынан қуатты индустриалық-колхозды республикаға айналды. Осы кең-байтақ өлкенің экономикасы мен мәдениетінің барлық салаларында орасан зор табыстарға қол жетті. Жалғыз дауысты әншілік өнерінен қысқа уақыттың ішінде неғұрлым күрделі және алуан салалы музыка жанрына—операға жетіп, аса үлкен жолдан өткен қазақ халқының музыкалық творчествосының осы дамуы оның мәдениеті құлпыра жайнап көркейгенін көз жеткізе айқын көрсетеді.

Соғыстан кейінгі жылдарда республикада ұлы істер жүзеге асырылды. Өскемен су-электр станциясы ток берді. Ертістің жоғары жағында бұдан анағұрлым қуатты—Бұқтарма су-электр станциясы салына бастады. Бесінші бесжылдықтың перзенті—Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, жаңа шахталар, рудниктер, заводтар, фабрикалар іске қосылды. Меңреу жатқан жауық даланы жаңа темір жол магистральдары басып өтті. Миллиондаған гектар өкертілген тыңда егін жайқалып өсе бастады. Қазақстанның картасында жаңа қалалар, жұмысшы поселкелері, 337 жаңа совхоздың ұсақбалары орын алып отыр.

Ал осы жылдардың ішінде, Қазақстан композиторларының бірінші съезінен бері өткен жеті жылдың ішінде республиканың композиторлары не істеді?

Ең алдымен, опера искусствосын алайық. Бұл жанр— қазақ музыкасындағы есеймеген ең жаңа жанрлардың бірі. Қазақтың тұңғыш «Қыз Жібек» операсы жарыққа шыққан кезден бері жыйырма жылдан сәл ғана артық уақыт өтті. Солай бола тұрса да, ұлттық опера репертуарын жасауда белгілі табыстарға қол жетті. Соңғы 15 жылдың ішінде Қазақстан композиторларының 10-ға жуық опера жазғанын айтсақ та жеткілікті. Революцияға дейінгі өмірден алынған тақырыптармен қатар, композиторлар азамат соғысының тарихынан, совет халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаһармандық күресінен, тағы сондайлардан алынған тақырыптарды пайдаланды. Аса көрнекті халық әншісі Біржан Қожағұлов пен ақын қыз Сараға арналған М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсы 1947 жылы сахнада

аса көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин туралы опера жазуға талаптанып жүр. Бірақ осы қызықты ой іске асырылмай отыр. К. Мусиннің «Кек жыры» операсының, В. Великанов пен Л. Хамидидің «Бес дос» операсының жазылуы тым баулауан кетті. Біздің опера театрымыз кәзір қоюға әзірлеп жатқан бірден-бір ғана опера— бұл ұйғыр композиторы Қ. Қожамьярұлының «Назугум» дейтін шығармасы.

Осыған байланысты опера жанрының негізден артта қалып отырғанын көрсететін себептердің біріне тоқтап өткіміз келеді. Бұл себеп тәжірибелі либретто жазушылардың жоқтығында болып отыр. Операның либреттосын жазу музыка театрының ерекшелігін терең білуді талап ететіні жұртқа мәлім. Солай бола тұрса да, Қазақстан совет композиторларының Одағы да, совет жазушыларының Одағы да осындай даярлығы бар тәжірибелі кадрларды тәрбиелеу ісімен шұғылданбайды. Амақанша, либреттомен жұмыс істеу саласында композиторлардың көпшілігінде де жеткілікті тәжірибе жоқ.

Соғыстан кейінгі жылдарда қазақтың симфониялық және камералық музыкасы едәуір зор табыстарға жетті. «Ризвангүль» дейтін симфониялық поэманың авторы Қ. Қожамьярұлы, оркестрге қосылып скрипкамен орындалатын концерт жазған Л. Афанасьевқа Сталиндік сыйлықтар берілді—осының айқын айғағы.

М. Төлебаевтың «Коммунизм таңы» дейтін кантатасы өзінің образдылығымен, қазақтың ұлт музыкасының формаларын шебер дамытумен ерекше көзге түседі. Бұл шығармаға Абай атындағы республикалық сыйлық берілді. Сонымен қатар М. Төлебаевтың «Қазақ увертюрасы» және оркестрге қосылып скрипкамен орындалатын поэмасы, Қ. Мусиннің «Жайлауға» дейтін симфониялық поэмасы, В. Великановтың «Бейбітшілік жолымен» дейтін симфониялық поэмасы және симфонияның жаңа редакциясы, тағы басқа шығармалар қазақтың симфониялық музыкасына қосылған едәуір үлес болып табылады.

Профессионал (тәжірибелі) орындаушылар үшін де, сондай-ақ көркем өнерпаздар үшін де ән репертуарын жасау Қазақстан композиторлары жұмысының маңызды жақтарының бірі болып табылады. Бұл жағынан алғанда біздің композиторларымыз аз жұмыс істеген жоқ. Бұл арада, ең алдымен В. Байқадамұлының, Л. Хамидидің, С. Мұхамеджановтың, С. Бәрімбаевтың, М. Иванов-Сokolскийдің есімдерін

өзінде-ақ скрипка мен фортепианоға, шекті оркестрге, симфониялық оркестрге, қазақтың халық аспаптары оркестріне арналған бірқатар елеулі шығармалар, әндер, ең соңында, ұйғырдың тұңғыш «Назугум» операсын жазып үлгірді.

В. Байқадамұлы хормен орындалатын «Бейбітшілік үшін» дейтін сюитаның, бірқатар өтімді өлеңдердің, симфониялық шығармалардың авторы ретінде мәлім болып отыр. Қазақтың халық әндерін хорға арнап қайта өңдеу жас композитордың зор жетістігі және Қазақстанның хор мәдениетіне қосылған едәуір үлес болып табылады. В. Байқадамұлы өзі қайтадан өңдеген осы әндермен Алматының музыка журтшылығын бұдан бірнеше апта бұрын, өзінің творчестволық көші кезінде таныстырды.

«Халықтың бақыты үшін» дейтін симфониялық поэмада, хорлар, әндер және романстар жазуда өзінің жақсы қабілеттерін көрсеткен Қ. Мусиннің творчествосы алуан салалы.

Советтік Қазақстан композиторларының үшінші ұрпағы өсіп келеді. Композиторлардың жаңа өсімдері жарыққа шығып, журтшылықты қуанта бастады.

С. Мұхамеджанов қазақтың халық аспаптары оркестріне арнап жазған «Қуаныш Отаны» дейтін симфониялық күйге Жамбыл атындағы республикалық сыйлық берілді. Халық музыкасының формаларын өте қызық дамытатын бұл шығарма— жас композитордың творчестволық жағынан өскендігінің айғағы. С. Мұхамеджанов бүгінгі күннің тақырыптарын пайдаланып, тың жерлерді игерудің батырларына арналған, хормен орындалатын сюита жазды.

А. Бычковтың бірінші симфониясына, «Волганың еркесі туралы ән» дейтін симфониялық оркестрге арналған поэмасына және шекті аспаптармен орындалатын квартетіне назар аударылып отыр. Алматы консерваториясында тәрбиеленіп шыққан бұл жас таланттың творчествосындағы ерекшелік— музыканың ұлттық ерекшелігінің айқын бейнеленуі, оның тапқырлықпен жазылған саздылығы, үнділігі, мазмұндылығы.

Басқа бір жас композитор— А. Зацепиннің Индия сюитасы дейтін шығармасы аспапта орындау арқылы бейнеленетін образдылығымен көзге түседі. Ол сонымен бірге бірқатар әндердің, шекті аспаптармен орындалатын квартеттің авторы ретінде де мәлім болып отыр.

Қазақтың халық аспаптары оркестріне арнап қазақтың халық тақырыбында жазған вариацияларында Е. Рахмадиев өзінің даусыз композиторлық дарындылығы бар

ПОЛЬШАДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС

ВАРШАВА, 17 декабрь. (ТАСС). Халықтық Польшада әлеуметтік-мәдени шараларға—театр, клуб, мәдениет үйлері, кітапханалар салуға бөлінетін жүрделі қаржылар жыл сайын ұлғайтылып келеді.

Үстіміздегі жылы мәдени-ағарту шараларына бөлінген мемлекеттік қаржы 1953 жылғымен салыстырғанда, 35 процент дерлік артқан. Елдің әртүрлі қалалары мен өнеркәсіп орталықтарында жаңадан мәдениет үйлері мен клубтар ашылды. Кәзір Польшаның өнеркәсіп орындарында 12 мыңнан астам клуб, қызыл мүйістер бар.

Комброва-Гурнич (Силезия) қаласында көпшілердің үлкен мәдениет үйі салынды. Мұнда көрушілер залы, көркемөнерпаздар коллективтері үшін көптеген орындар жабдықталған.

Елді киноландыру саласында едәуір табыстарға қол жетті. Селолық елді пункттерде 2 мың дерлік кинотеатрлар ашылды. Гострольдә жүретін бірнеше театрлар құрылды, олар деревняларда үнемі концерт беріп тұрады.

Қалада да, деревняда да кітапханалар жүйесі ұлғая түсуде. Кәзіргі уақытта Польшаның өнеркәсіп орындарында үш мыңнан астам кәсіподақтардың кітапханалары жұмыс істейді. Селоларда үшжарым мыңнан астам кітапханалар ашылды.

РУМАНИЯДА ПЕНИЦИЛЛИН ЗАВОДЫНЫҢ ЖҰМЫСҚА ҚОСЫЛУЫ

БУХАРЕСТ, 16 декабрь. (ТАСС). Румын халқы румын Жұмысшы партиясының екінші съезін еңбектегі табыстарымен қарсы алуда.

Яссыда Европадағы ең ірі заводтардың бірі—антибиотиктер заводы пайдалануға берілді. Румыния тарихында бірінші рет өз пенициллинін шығара бастады. Завод советтік жоба бойынша және советмамандарының көмегімен салынды. Мұнда орнатылған күрделі машиналар мен жабдықтардың басым бөлігі СССР-да дайындалған. Өндіріс процестері кеңінен механикаландырылған. Заводты жұмысқа қосу кезінде жақсы нәтижелі пенициллиннің алғашқы тобы алынды.

Заводтың жұмысқа қосылуымен байланысты Яссыда көп алам қатысқан митинг болды, онда румын Жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің секретары И. Клишевский, химия өнеркәсіп министрі М. Флореску және басқалары сөз сөйледі. Заводты салуда ерекше көзге түскен жұмысшыларға, инженерлер мен техниктерге үкімет наградалары берілді. Заводты салуға және жұмысқа қосуға қатысқан совет мамандарына Румын Халық Республикасы Министрлер Советінің атынан мақтау грамоталары тапсырылды.

Индонезиядағы жағдай жайында

ДЖАКАРТА, 17 декабрь. (ТАСС). Индонезия баспасөзінің хабарына қарағанда, Суйононы соғыс-теңіз күштері штабы бастығының орынбасарлығы қызметіне тағайындауға байланысты туған Индонезия соғыс-әуе күштеріндегі шиеленісті Харахап үкіметі әлі күнге дейін реттей алмаған. Премьер-министр Харахаптың туып отырған бұл оқиғаны көше бірқатар көрнекті мемлекет және әскери қайраткерлермен бірге талқылағаны хабарланды. Сонымен қатар, кабинеттің төтенше мәжілісі де болған. Алайда, президент Сукарно Богордан астанаға қайтып оралғанға шейін мәселені шешу кейінге қалдырылған. Сонымен қатар, бір мезгілде елдің қарулы күштерінің бас команданысы болып табылатын президент Сукарноның соғыс-әуе күштері бас штабының бастығы Суриадармның орнынан түсуін қа-

былдаудан бас тартқандығы хабарланады, ол жаңадан тағайындауға үзілді-кесілді қарсы болған болатын.

«Хариан Ракыат» газеті бұл мәселе жөнінде Харахап үкіметінің қыймылын әлсіздерей келіп, кейбір шетелдік державалар, атап айтқанда АҚШ пен Голландия Индонезияның кәзіргі соғыс-әуе күштерінің басшылығына риза емес, сондықтан да олар Индонезия соғыс-әуе күштерін басқаруға СЕАТО соғыс жоспарларын жүзеге асыруға әзір адамның келуін тілейді деп көрсетеді. Американдық және голландиялық офицерлер, деп атап көрсетеді газет, сонымен қатар Индонезия соғыс-әуе күштерінің шетелдік әскери қызметшілерге Индонезияда әуеден фотосуретке түсіруді жүргізуге тыйым салғандығына да наразылық білдіруде.

Чилидің мыс рудниктеріндегі ереуіл

НЬЮ-ЙОРК, 17 декабрь. (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігінің Сант-Ягодан берген хабарына қарағанда, Чилиде Американың «Абасонда Коппер компани» және «Кеннекотт Коппер компани» компанияларының мыс рудниктерінде 14 декабрьде басталған ереуіл әлі болып жатыр. Ереуіл рудниктердің 16 мың жұмысшылары мен қызметшілерін қамтыған.

Үкімет ереуіл жасаушыларды басу үшін

ереуілді заңсыз деп жариялаған және ереуіл жасаушыларды жұмысқа қайтып оралуға бұйрық берген. Агенттік былай деп көрсетеді: егер жұмысшылар бұйрыққа бағынбаса, онда олар әскери қызметке шақырылатын болады. Территорияларына рудниктер орналасқан, ереуіл болып жатқан провинцияларда төтенше жағдай жарияланған.

Итальян бейбітшілік жақтаушыларының съезі

РИМ, 18 декабрь. (ТАСС). Кеше Римде бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл-италиялық бірінші съезі ашылды. Съездің жұмысына елдің барлық облыстарының өкілдері, сонымен қатар көптеген шетелдік қонақтар қатысуда.

Бүгін съезде Қытай Халық Республикасының, Мексиканың, Монғол Халық Республикасының, Люксембургтің бейбітшілікті жақтаушылар ұйымдарының телеграммалары оқылды. Кентерберийек Собо-

рынан Хьюлетт Джонсонның және Англияның белгілі юрисі Приттиң Англияның бейбітшілікті жақтаушыларының атынан құттықтаулар жіберген.

Мұнан кейін Италияда бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының кәзіргі шеңбердегі міндеттері туралы бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының италияндық комитеті президиумының мүшесі Челесте Негарвилле баяндама жасады.

«Ланд ог фольк» газеті Данияда жұмыссыздықтың артуы туралы

БОПЕНГАГЕН, 17 декабрь. (ТАСС). «Ланд ог фольк» газеті тексерілген мәліметтерге сүйене келіп, 1955 жылғы 9

декабрьде елде кәсіподақ мүшелері арасында 88 мың жұмыссыздар болған деп жазады. Өткен жылы осы уақытта кәсіп-

одақтар мүшелері ішінде 53.895 жұмыссыздар болған еді.

Газет быйылғы жылы Данияда жұмыссыздар саны өткен жылға қарағанда, шапшаң артып келеді деп жазады. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздардың саны 66 процентке артқан.

Англияда нысбатшылықтың артуы

ЛОНДОН, 17 декабрь. (ТАСС). Англияда қымбатшылық өсе түсіп отыр. Кеше Англияның еңбек министрлігі 15 ноябрь-

былай деп көрсетеді: Англия парламентінің сайлауынан бері өткен жарты жыл бойына, өткен сайлаудың алты айына

көрсетілді. Қазақтың халық музыкасына Біржанның өз әндеріне негізделіп жазылған бұл шығарманың ерекшелігі сол, мұндағы геройлар (кейіпкерлер) музыкалық жағынан терең сыйпатталады. Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры қойған «Біржан мен Сара» операсы Сталиндік сыйлықпен аталып өтті.

Алайда соңғы жылдарда, атап айтқанда, композиторлардың съездері аралығындағы дәуірде опера жанрының артта қалып отырғаны ерекше сезілді. Бұл уақыттың ішінде Абай атындағы опера және балет театрының сахнасынан жалғыз-ақ жаңа «Дударай» операсы ғана естілді. Республиканың осы ең үлкен театрының репертурында «бағы замандағы аңыздарды» жырлайтын спектакльдер басым болып отыр. Нақ осы аңыздар туралы айтып отырған себеміз сол, бұл уақытқа дейін жазылып келген қазақ операларының өншілігі эпостық, батырлық сюжеттерге негізделіп жүр. Бұдан, әрине, мұндай шығармалардың маңызы жоқ деген ұғым тіпті де тумайты. Бірақ басқа спектакльдердің, әсіресе көзіргі заманның тақырыбына жазылған спектакльдердің тым сирек кездесетін құбылысқа айналып отырғаны жақсы емес.

Біздің заманымызды бейнелейтін қазақ операларын жасау міндегі әлі күнге шешілмей келеді. Опера жанрында еңбек етуші республиканың композиторлары өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешуде жеткілікті творчестволық белсенділік, қажырлылық көрсетпейді. Б. Байқадамов колхоз деревнясы туралы жазылған операның бірінші актіні көрсетті. Мұның өзі қызықты шығарма болар деп шамаланған еді. Арала бірталай уақыт өтті, бірақ, автор өзінің еңбегін аяқтап шығудан әлі де тым шалғай жатыр. М. Төлебаев қазақтың

аралығындағы дәуірде опера жанрының артта қалып отырғаны ерекше сезілді. Бұл уақыттың ішінде Абай атындағы опера және балет театрының сахнасынан жалғыз-ақ жаңа «Дударай» операсы ғана естілді. Республиканың осы ең үлкен театрының репертурында «бағы замандағы аңыздарды» жырлайтын спектакльдер басым болып отыр. Нақ осы аңыздар туралы айтып отырған себеміз сол, бұл уақытқа дейін жазылып келген қазақ операларының өншілігі эпостық, батырлық сюжеттерге негізделіп жүр. Бұдан, әрине, мұндай шығармалардың маңызы жоқ деген ұғым тіпті де тумайты. Бірақ басқа спектакльдердің, әсіресе көзіргі заманның тақырыбына жазылған спектакльдердің тым сирек кездесетін құбылысқа айналып отырғаны жақсы емес.

Қазақстан композиторлары қазақтың халық аспаптары оркестріне арналған музыка жазу саласында көп және жемісті еңбек етуде. С. Шабельский мен Л. Шаргородскийдің творчестволық жұмысы Құрманғазы атындағы оркестрмен тығыз байланысты. Олар осы коллектив үшін бірқатар көлемді, елеулі шығармалар жазды. Бұлардың ішінде әсіресе «Тойбастар», «Корей сюитасы», «Алатау» поэмасы ерекше көзге түседі. Композиторлар қазақтың халық аспаптары оркестрлерінің репертуарын ұлғайтуға, олардың мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалануға ұмтылып отыр. Осы оркестрлер үшін В. Великанов поляк тақырыбындағы фантазияны зор шеберлікпен жазды, ал К. Қожамьяров өте тартымды қытай пьесасын жазып берді.

Соңғы жылдардың ерекше белгісі Қазақстан композиторларының қатарына жас таланттардың қосылғандығы болып табылады. Біз К. Қожамьяров, Б. Байқадамов, Қ. Мусин туралы жоғарыда айтып өттік.

Қ. Қожамьяровтың творчестволық өмірбаяны онша ұзақ емес. Бірақ ол көзірдің

өкініштің аңқын көрсетті. Оның фортепиано-да орындауға арналған, «Абайдың шақыруына» деген поэмасы өте асқақ лебізбен жазылған.

Музыканы насихаттау туралы бірнеше сөз айта кетейік. Осыған байланысты рес-публикалық концерт ұйымдарының жұмысына тоқтап өту қажет. Таңданарлық жағдай сол, Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясында осы уақытқа дейін симфониялық оркестр жоқ. Сондықтан да, облыс орталықтарын айтпағанның өзінде, астанамыз Алматыда симфониялық музыка концерттерінің, соның ішінде қазақ музыкасы концерттерінің өте сирек кездесетін құбылысқа айналып отырғаны түсінікті де. Бұл арада симфониялық музыка — Қазақстан композиторларының ерекше белсені жұмыс істеп отырған жанры екенін атап көрсету артық болмайды.

Филармонияның музыкалық лекторийінің жұмысы мүлде салақсытылған. Лекциялар қалай болса солай, оқта-текте ғана өткізіледі. Соның өзінде лекторийдің жұмыс жоспарларында республиканың композиторларына тым жұпыны ғана орын беріліп отыр.

Совет халқы КПСС XX съезін еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алуға. Өнеркәсіп орындары коллективтерінің, колхоз деревнясындағы адамдардың съезд қарсаңындағы социалистік жарыста қол жеткен жеңістері туралы баспасөз бен радио күн сайын жаңа хабарлар жеткізуде. Осылардың басты героинясы — қарапайым совет адамына лайықты шығармалар жазу — біздің борышымыз, Қазақстан композиторларының борышы.

Сондықтан да республикамыздың композиторлары өздерінің шабытты творчестволық еңбегімен Отанымыздың музыкалық мәдениетін бұрынғыдан анағұрлым жоғары сатыға көтеретінінде күмән жоқ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Тұтынушылар тілегі қашан орындалмақ?“

Газетіміздің осы жылғы 16 ноябрьдегі санында осы тақырыпта жарияланған мақалада Преснов ауданы, Жданов атындағы колхоз тұтынушыларының дүкен үйін салу жөнінде мәселе көтергендігі, бірақ Николаевка тұтынушылар қоғамының председателі Шолақовтың бұл мәселеге көңіл бөлмей келгендігі сыналған-ды.

Тұтынушылар одағының председателі Михеев жолдас мынаны хабарлады:

Мақалада көрсетілген фактілер анықталды. 1956 жылы колхоз орталығында жаңа дүкен үйі салынатын болады.

Ә. ШАРАПОВ.

деттеніп отыр. Съезд құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан совхоз сауыншылары қарамағындағы сыйырларды қоңды ұстап, олардың өнімділігін күн өткен сайын арттыра түсуде.

Н. ҚАБДолов.

Колхозшылар үшін

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Октябрь ауданы) Алқағаш бригадасында бұрын ауызсуы жетіспеуші еді. Жақында мұнда құдық қазылып, ол пай-

далануға берілді. Құдыққа су тартатын түтік орнатылды. Тағы да бір құдық қазу жоспарланып отыр.

Ә. ШАРАПОВ.

БОЛГАРИЯНЫҢ МАШИНА ЖАСАУДАҒЫ ТАБЫСТАРЫ

СОФИЯ, 17 декабрь. (ТАСС). Болгарияның машина жасау өнеркәсібі ірі табыстарға жетті. 15 декабрьде елдің машина жасау заводтары жылдық өндірістің жоспарды орындап болды. Бір жыл ішінде халық шаруашылығына 12 мыңнан астам әртүрлі ауылшаруашылық машиналары, тау-кен өнеркәсібі үшін көптеген машиналар және басқа өнім берілді. Үстіміздегі жылы завод жаңа өнімдер, соның ішінде қызылша жыйнайтын комбайн, жүгері жыйнайтын комбайн, жоғары өнімді металл жесетін станоктар және басқаларын шығаруды игерді.

Машина жасайтын заводтар сонымен қатар еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту жоспарларын да орындады.

Машина жасау өнеркәсібінің өнімі алдағы жылы 17 процент арттырылуға тиіс. Жаңа жылда бірнеше ондаған жаңа күрделі машиналар, соның ішінде көтермелі шахта машиналары, электр моторлары мен дизель моторларының жаңа түрлерін шығару игеріледі.

тық дәрежесіне жетті және 154 пунктке теңелді (Жүздікке 1947 жылғы дәреже алынып отыр). Еңбек министрлігінің атап көрсеткеніндей, азық-түлік және бірінші қажеттегі бұйымдардың бағалары бөрінен де тезірек өсе түсіп отыр.

Еңбек министрлігінің бұл хабарына түсінік бере келіп, «Дейли Уоркер» газеті

қарағанда, баға ұшқарым өсе тез болса, «Азық-түлік бағасы, — деп жазады газет, — сайлау өткеннен бері шамамен 15 процент артқан».

Газет жалақының өсуі бағаның өсуінен артта қалып отыр, деп атап көрсетеді. Егер аталған мерзім ішінде күнкөріс құнының индексі 7 пунктке артқан болса, жалақы индексі екі пункт ғана артты.

АҚШ-та электршілердің ереуілі

НЬЮ-ЙОРК, 17 декабрь. (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігінің Питтсбургтен берген хабарына қарағанда, «Вестингауз электрик корпорейшн» компаниясының 40 зауытында ереуіл болып жатыр. Бұдан

екі ай бұрын басталған ереуіл 55 мың жұмысшыны қамтыған.

Ереуіл жасаушылар жалақының арттырылуын және компания мен контрафкт жасау мерзімінің дәл белгіленуін талап етуде.

Чанкайшилік әуе қарақшылары тойтарыс алды


ПЕКИН, 17 декабрь. (ТАСС). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, 16 декабрьде чанкайшиліктердің Америкада жасалған сегіз истребительдері Фуцзянь провинциясы үстінде Қытай Халық Республикасының әуе кеңістігіне өтіп, теңізде бейбіт қытай балықшыларын атқылады, бір балықшы кемесін суға батырды.

Әуе қарақшылары тиісті тойтарыс алды. Қытай Халық-азаттық армиясының зенит бөлімдерінің оғынан чанкайшилік екі самолет атып түсірілді, бір самолет зияндалды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

СССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КИНОПРОКАТ БӨЛІМШЕСІ

Облыс экрандарында



„КЕШ БОЛҒАНДА“

деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады. Фильмді Таллин киностудиясы, 1955 жылы жасап шығарған.

Киноларда

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ПИРСТАҒЫ КӨЛЕҢКЕ»

Сеанстар кешкі сағат 4, 5-45, 7-30, 9-15 және 11-де басталады.

Түпкілікті жұмысқа тез арада жүк тиеушілер, үй сыпырушылар КЕРЕК.

Жұмыс жайы жөнінде Абай көшесі (бұрынғы Ернарзов көшесі), 134-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Марьевка құрылыс механикаландыру участогінің дөңгелек мөрлі жоғалды. Бұл мөр қойылып, расталған документтер бұдан былай анық деп саналмасын.

Петропавл қаласы, Украин көшесі, 172-үйде тұрушы Алексей Афанасьевич Жадан Петропавл қаласы, Минск көшесі, 9-үйде тұрушы Эльвира Николаевна Жаданнан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-36, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.